



**«Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру
компаниясы» АҚ**

Қаржылық есептілік

*2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жылға арналған
тәуелсіз аудиторлардың есебімен*

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралу есеп -----	1
Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп -----	2
Капиталдағы өзгеріс туралы есеп -----	3
Ақашалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп -----	4-5
Қаржылық есептілікке ескертпелер -----	6-74

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Коммеск-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (әрі қарай – «Компания») басшылығы Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша және осы күні аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігін Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (бұдан әрі – "ХБЕСК") шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындауға және оның дұрыстығына жауапкершілік артады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесіге:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- ақпаратты ұсынуға, оның ішінде осындай ақпараттың орындылығы, сенімділігі, салыстырмалылығы және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанындағы есеп саясаты туралы деректерді;
- негізделген мақсатқа сай бағалар мен жорамалдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелері қаржылық есептілікке әсер етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Компанияның өз қызметін жақын болашақта үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік артады.

Басшылық сондай-ақ келесілерге жауапты:

- ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген сәтте қаржылық жағдай туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және Компанияның қаржылық есептілігінің ХБЕСК шығарған ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыретінің шегінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік, Компания басшылығымен 2025 жылдың 29 мамырында шығаруға бекітілді.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер




Ханин О.А.


Ткачева Н.И.

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне және басшылығына

Пікір

Біз, Компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, ол 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе шығын және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және аталған күні аяқталатын кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есептік саясаттың маңызды ақпаратты қоса алғанда қаржылық есептілікке қатысты ескертулерден тұрады.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (бұдан әрі – "ХБЕСК") шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған кезеңдегі ақшалай қаражаттың қозғалысын барлық елеулі қатынастарда анық көрсетеді.

Пікірді білдіру үшін негіздеме

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз көрсетілген стандарттарға сәйкес бұдан әрі біздің қорытындымыздың *«Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде ашылады. Біз, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасындағы жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты *Бухгалтерлерге арналған Әдеп стандарттары жөніндегі Халықаралық кеңестің (әрі қарай - БӘСХК) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық Әдеп кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда)* сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және ХБӘСК Кодексіне сәйкес басқа әдеп міндеттемелерін орындадық. Біз жинаған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін шынайы және жарамды болып табылады деп пайымдаймыз.

Жетекшінің және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХБЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындалуы және оның шынайылығы үшін және жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан айтарлықтай бұрмалаулар келтірілмеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік артады.

Жетекшінің және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Қаржылық есептілікті дайындаған кезде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылуы үшін, қызметтің үздіксіздігі туралы ауытқымалардың негізінде есептілікті құрастыру үшін жауапкершілік артады, басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайды, не болмаса оны таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа шынайы баламасы бар өзге жағдайларды ескермегенде.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапкершілік тартады.

Қаржылық есептілікке аудит үшін аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан айтарлықтай бұрмалаулар жоқ екендігіне қатысты оңтайлы сенімділік алуға және біздің пікіріміз келтірілген аудиторлық қорытынды жасап шығаруға негізделеді. Оңтайлы сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ ХАС сәйкес жүргізілген аудит айтарлықтай бұрмалауларды әрдайым анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі бола алады және егер олар жекелеп немесе бірлесіп пайдаланушылардың осы қаржылық есептіліктің негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне әсер ете алады деп есептеуге болатын жағдайларда маңызды деп есептеуге болады.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудиттің аясында біз кәсіптік пайымдаманы қолданамыз және аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалауларының тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін шынайы және толық болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде айтарлықтай бұрмалауларды анықтамау тәуекелі қатенің нәтижесінде айтарлықтай бұрмалауды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, арам әрекет, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс әрекеттер кіруі мүмкін.
- Жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы өз пікірімізді білдіру мақсатында емес, аудит үшін маңызды бар ішкі бақылау жүйесіне қатысты түсінік аламыз;
- Қолданылатын есептік саясатқа тән сипатты және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- Жетекші қызметтің үздіксіздігі туралы жіберген олқылықтарының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты күдік туындауы мүмкін жағдайлармен немесе оқиғалармен байланысты айтарлықтай белгісіздік бар екендігі туралы қорытынды шығарамыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытынды жасасак, онда біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуға тиіспіз, немесе егер осындай ақпаратты ашу тиісті түрде жүргізілмесе, өз пікірімізді түрлендіруге тиіспіз. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық қорытындымыздың күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ өз қызметін үздіксіз жүргізу қабілетінен айырылып қалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Ұсынылған қаржылық есептілікті жалпы, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте барлық операциялар мен оқиғалар шынайы баяндалғанын тексереміз.

Қаржылық есептілікке аудит үшін аудиторлардың жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасак, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Grant Thornton LLP

Ержан Досымбеков

Партнер по заданию / Генеральный директор
ТОО «Grant Thornton»

Квалифицированный аудитор
Республики Казахстан
Квалификационное свидетельство
№МФ-0000069 от 20 января 2012 года



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен 2018 жылғы 3 тамыздағы Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 18015053 мемлекеттік лицензиясы

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛУ ЕСЕП

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

Мың теңге	Ескерт.	31 желтоқсан 2024 жыл	31 желтоқсан 2023 жыл
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5	8,491,166	3,511,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	6	27,210,392	18,217,072
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен көрсетілетін қаржы активтері;		12,625	23,319
Қайта сақтандырудың ұсталатын шарттары бойынша активтер		29,333	46,353
Ағымдағы корпоративтік табыс салығының алғы төлемі		166,356	162,238
Негізгі құралдар	7	814,384	764,994
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	18	18,567	–
Басқа активтер	8	463,426	1,445,765
АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ		37,206,249	24,171,356
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Сақтандырудың шығарылған шарты бойынша міндеттемелер	9	24,234,911	12,939,956
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	18	–	54,893
Басқа міндеттемелер	10	979,342	1,194,328
МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ		25,214,253	14,189,177
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	11	300,000	300,000
Негізгі құралдарды қайта бағалау қоры		545,482	473,110
Басқа резервтер		15,000	15,000
Бөлінбеген пайды		11,131,514	9,194,069
КАПИТАЛ, БАРЛЫҒЫ		11,991,996	9,982,179
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ, БАРЛЫҒЫ		37,206,249	24,171,356

6 – 74 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы



Ханин О.А.

Ткачева Н.И.

Бас бухгалтер

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңге	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша әрекет			
Сақтандыру бойынша түсім	12	5,677,130	2,731,124
Сақтандыру шығындары	13	(2,594,933)	(1,182,482)
Қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын шығыстар		(53,906)	(180,443)
Сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі		3,028,291	1,368,199
Сақтандыру шарттары топтары бойынша сақтандыру бойынша қаржылық шығыстар			
	14	(1,842,839)	(410,793)
Сақтандыру қызметінен қаржы шығындарының жиыны		(1,842,839)	(410,793)
Инвестициялық қызмет			
Таза пайыздық табыс	15	2,616,607	1,505,414
Инвестициялық табыс	15	1,575,602	2,623,826
Инвестициялық қызметтің нәтижесі		4,192,209	4,129,240
Өзге қызмет:			
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда / (шығын), нетто	16	980,459	(237,555)
Күтілетін кредиттік залалдар резервін құру бойынша шығыстар		(444)	(232,344)
Сот талқылаулары бойынша резервті есептеу		—	(385,000)
Өзге кірістер, нетто		229,772	60,436
Өзге қызметтерден нәтиже		1,209,787	(794,463)
Әкімшілік және операциялық шығындар	17	(4,740,878)	(3,931,243)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі пайда		1,846,570	360,940
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығындар)	18	90,875	(918,419)
Жылдық таза пайда / (залал)		1,937,445	(557,479)
Өзге жиынтық табыс / (залал)			
<i>Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталуы мүмкін емес баптар:</i>			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен таза табыс / (залал) (салық әсерін шегергенде – 2024 жыл: 28, 081 мың теңге, 2023 жыл: 47,833 мың теңге).		112,324	(191,333)
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі өзге де жиынтық табыс / (залал)		112,324	(191,333)
Жиынтық табыс / (залал), жиыны		2,049,769	(748,812)
Акцияға жұмсалған табыс / (залал): базалық және бытыраңқы (теңгемен)		15,828.80	(4,554.57)

6 – 74 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Ханин О.А.

Ткачева Н.И.

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Жарғылық капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлінбеген пайды	Жиынтығы капитал
2023 жылғы 1 қаңтарға	300,000	664,443	15,000	9,751,548	10,730,991
<i>Жыл ішіндегі таза залал</i>	–	–	–	(557,479)	(557,479)
<i>Жыл ішіндегі өзге жиынтық залал</i>	–	(191,333)	–	–	(191,333)
Жыл ішіндегі жиынтық залал, барлығы	–	(191,333)	–	(557,479)	(748,812)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	300,000	473,110	15,000	9,194,069	9,982,179
<i>Жылдық таза пайда</i>	–	–	–	1,937,445	1,937,445
<i>Өзге жылдық жиынтық табыс</i>	–	112,324	–	–	112,324
Жылдық жиынтық табыс барлығы	–	112,324	–	1,937,445	2,049,769
<i>Салық әсерін шегергендегі негізгі құралдардың шығуы</i>	–	(39,952)	–	–	(39,952)
2024 жылғы 31 желтоқсанда	300,000	545,482	15,000	11,131,514	11,991,996

6 – 74 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы




Ханин О.А.

Бас бухгалтер


Ткачева Н.И.

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН**

Мың теңге	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі залал		1,846,570	360,940
Түзетулер			
Тозу мен амортизациялау		61,182	68,752
Негізгі құралдардың істен шығуынан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан келтірілген залал		85,716	5,072
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған табыс / (залал)	15	860,902	(2,029,716)
Таза іске асырылмаған (залал) / шетел валютасымен операциялар бойынша кіріс		(980,459)	237,555
Күтілетін кредиттік залалдар резервін құру бойынша шығыстар		444	232,344
Пайдаланылмаған демалыстар мен сыйлықақылар бойынша резервтерді есептеу / (қалпына келтіру)	17	110,831	(27,067)
Бағалы қағаздар бойынша есептелген пайыздық табыстардағы таза өзгеріс		214,402	2,148,062
Тікелей РЕПО келісімдері бойынша пайыздық шығындардағы өзгеріс		12,633	70,231
Өзге түзетулер		(70,899)	146,436
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының түсімі		2,141,322	1,212,609
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі			
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтердің өзгеруі		17,020	246,768
Өзге активтердегі өзгеріс		958,506	(587,465)
Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің өзгеруі	9	11,294,955	5,800,561
Өзге міндеттемелердегі өзгеріс		(291,295)	(53,647)
Корпоративтік табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражаттарының түсімі		14,120,508	6,618,826
Корпоративтік табыс салығы, төленген		(4,796)	(943,006)
Алынған пайыздар		2,434,249	1,313,558
Төленген пайыздар	15	(32,044)	(70,231)
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза түсімі		16,517,917	6,919,147
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Негізгі құралдарды сатып алу	7	(29,973)	(8,051)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(4,991)	(229)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін сатып алу		(21,325,328)	(36,088,390)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		8,691,131	30,566,868
Алынған дивидендтер	15	1,157,058	657,450
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза жылыстауы		(11,512,103)	(4,872,352)

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)**

Мың теңге	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза артуы		5,005,814	2,046,795
Бағамдық айырмалардың ықпалы		(25,792)	(27,322)
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервтегі өзгерістердің әсері		(471)	(4,476)
Кезең басына ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	5	3,511,615	1,496,618
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	5	8,491,166	3,511,615

6 – 74 беттердегі ескертулер қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы




Ханин О.А.


Ткачева Н.И.

Бас бухгалтер

29 мамыр 2025 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасында 1991 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Компания қызметінің негізгі түрі өмірді сақтандыру (жұмыс берушінің жауапкершілік аннуитеттері, зейнетақы аннуитеттері, жинақтаушы сақтандыру және өмірді мерзімді сақтандыру) және өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру (жазатайым оқиғалардан сақтандыру және қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі – "ҚЖОМС") болып табылады.

Компанияның түпкілікті бақылаушы тұлғасы - Қазақстан Республикасының азаматы Е.С.Абдразақов м-за.

Компанияның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр көшесі, 19.

Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – "Агенттік") берген өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына 2023 жылғы 2 маусымдағы № 2.2.17 лицензиясы бар, ол Компанияның қызметін реттейді және талаптарды белгілейді.

Заңнама талаптарына сәйкес және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Компания "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі – "Қор") қатысушысы болып табылады. Қорға қатысу сақтандыру ұйымының лицензиясы қайтарып алынған немесе банкрот болған жағдайда кепілдендірілген төлемдер есебінен сақтанушылар мен пайда алушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің жалпы саны сәйкесінше 218 және 214 болды.

2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сәйкестік қағидасы

Компанияның қоса беріліп отырған қаржылық есептілігі Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған ҚЕХС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды.

Дайындау қағидасы

Қаржылық есептілік, қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құнының негізінде дайындалды. Компанияның қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») берілген.

Компанияның функционалдық валютасы және қаржылық есептілігін таныстырудың валютасы - «теңге» болып табылады. Осы қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, мыңға дейін жуықталған.

Үздіксіз қызмет принципі

Осы қаржылық есептілік үздіксіз қызмет қағидасына сәйкес әзірленген. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі шаруашылық қызметінің барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді қамтиды.

Компания басшылығының қызметті тоқтатуға немесе ауқымын анағұрлым қысқартуға ешқандай ниеті де, қажеттілігі де жоқ. Басшылық Компания өзінің үздіксіз қызметін жалғастыра алады деп санайды.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Есептеу принципі

Осы қаржылық есептілік есептеу принципіне сәйкес жасалған. Есептеу принципі төлем уақытына қарамастан, шаруашылық операциялары қорытындыларын, сондай-ақ оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және өздер жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі

Қаржылық есептіліктің элементтерін мойындау

Осы қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар енгізілген. Қаржылық есептіліктің барлық элементтері сызықтық баптар түрінде ұсынылған. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Компания қызметіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескеріп жүргізілген. Ұқсас баптардың әрбір елеулі сыныбы қаржылық есептілікте жеке ұсынылады. Ұқсас емес сипаттағы немесе тағайындалған баптар, егер олар елеусіз болып табылмаса, бөлек ұсынылады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚКБ») қалыптасқан ресми айырбас бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі.

Шетел валютасында әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер, әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы ҚКБ айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген монетарлық емес баптар қайта есептелмейді. Қайта есептеген кезде туындайтын бағам айырмашылықтары кезеңдегі пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Компания қаржылық есептілікті құрастырған кезде келесі валюталық айырбастау бағамдары қолданылды:

Валюта	31 желтоқсан 2024 жыл	31 желтоқсан 2023 жыл
1 АҚШ доллары	525.11	454.56
1 еуро.	546.47	502.24
1 Ресейлік рубль	4.88	5.06

Ағымдағы жылы қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірулер

Компания есептік жыл ішінде 2024 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- ХБЕС-қа түзетулер (IAS) 1 - "Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу";
- ХБЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер – «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісім»
- ХБЕС (IFRS) S1 – "Тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар";
- ХБЕС (IFRS) S2 - "Климатқа байланысты ақпаратты ашу";
- ХҚЕС түзетулері (IFRS) 16 – "Сату және кері жалдау бойынша жалдау міндеттемелері".

ХБЕС-қа түзетулер (IAS) 1 - "Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу";

2020 жылдың қаңтарында және 2022 жылдың қазанында ХБЕСК "Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеуге қатысты талаптарды түсіндіретін "Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді жіктеу" ХБЕС (IAS) 1 түзетулерін шығарды.

2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Ағымдағы жылы қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)

ХБЕС-қа түзетулер (IAS) 1 – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» (жалғасы)

Түзетулер мынаны нақтылайды:

- міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы нені білдіреді;
- міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту құқығын пайдалану ықтималдығы әсер етпейді;
- конвертацияланатын міндеттемедегі туынды құрал өздігінен үлестік құрал болған жағдайда ғана міндеттеменің шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді.

Бұл түзетулер 2024 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енді және ретроспективті түрде қолданылады. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

ХБЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер – «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісім»

ХБЕСК 2023 жылдың мамырында ХБЕС (IAS) 7 «Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу», стандарттарына өзгерістерді жариялады, олар жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын түсіндіретін және осындай келісімдер туралы қосымша ақпаратты ашуды талап етеді. Түзетулерде қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне әсерін түсінуге көмектесуге арналған.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізген жоқ.

ХҚЕС S1 – «Тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар» және ХҚЕС S2 «Климатқа байланысты ақпаратты ашу»

2023 жылғы маусымда Орнықты даму стандарттары жөніндегі кеңес (International Sustainability Standards Board) дамудың барлық бағыттары бойынша, оның ішінде ақша ағындарына, қаржыландыруға қолжетімділікке және құнға әсер етуге қабілетті жеткізу тізбегі бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты ашу мақсатында әзірленген орнықты даму саласындағы ХҚЕС (IFRS) S1 және климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы ақпаратты анықтауға, бағалауға және ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін ХҚЕС (IFRS) S2 жаңа стандарттарын жариялады, онда келесі ақпаратты ашу талаптары бар:

- климаттың өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдер;
- климаттың өзгеруіне байланысты өтпелі тәуекелдер;
- климаттың өзгеруіне байланысты мүмкіндіктер;
- ұйымның климаттық тұрақтылығы.

Стандарттар 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енді. Компания осы стандарттардың Компанияның қызметі мен қаржылық есептілігіне әсерін бағалайды (4-ескертпе - Маңызды бухгалтерлік пайымдаулар мен бағалаулар) .

ХҚЕС (IFRS) 16 – «Сату және кері жалдау бойынша жалдау міндеттемелері» түзетулері Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

2. ДАЙЫНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылатын болса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

- ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері – «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау»;
- ХҚЕС (IFRS) 18 - «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу»;
- ХҚЕС (IAS) 21 түзетулері – «Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы»;
- ХҚЕС (IFRS) 19 – «Жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу».

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері - «Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау»;

2024 жылдың мамыр айында ХБЕСК мыналарға қатысты ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулерін шығарды:

- электрондық төлем жүйесін пайдалана отырып қаржылық міндеттемелерді есептеу;
- экологиялық, әлеуметтік және басқару сипаттамалары бар активтерді қоса алғанда, қаржылық активтердің шарттық ақша ағындарының сипаттамаларын бағалау.

Түзетулер 2026 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі және бұл факт ашылуы тиіс. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің тигізуі мүмкін әсерін талдауда.

ХҚЕС (IFRS) 18 – «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу»;

2024 жылғы сәуірде ХБЕСК жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікте ақпаратты ұсынуға және ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу» ХҚЕС (IFRS) 18 жаңа стандартын шығарды. ХҚЕС (IFRS) 18 ХБЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсынуды» ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 18 негізгі мақсаты - қызмет нәтижелері туралы есептің салыстырмалылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету және басшылық анықтаған тиімділік көрсеткіштерін ұсынуды қамтамасыз ету.

Түзетулер 2027 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі және бұл факт ашылуы тиіс. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің тигізуі мүмкін әсерін талдауда.

Компания *ХБЕС (IAS) 21 – «Айырбастау мүмкіндігінің жоқтығы»* және *ХҚЕС (IFRS) 19 – «Жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»* түзетулері Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

Әділ құнын бағалау

Компания әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы көрсетілетін қаржы активтері және әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы көрсетілетін қаржы активтері сияқты қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнын бағалау (жалғасы)

Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле болып жатқанын көрсетеді:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін айқындайды.

Қаржылық активтер

Бастапқы тану

Бастапқы тану кезіндегі қаржы құралдарының жіктелуі олардың шарттық талаптарға және құралдарды басқарудың бизнес-моделіне байланысты

Қаржы құралдары бастапқыда мәміле жасалған күні танылады және қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме жағдайында ұлғайтылған немесе азайтылған әділ құны бойынша бағаланады.

Бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді. Санаттар келесілерді қамтиды:

- өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен көрсетілетін қаржы активтері (бұдан әрі - ӨЖТӨҚ);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер (бұдан әрі - ПЗӨҚ).

ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Егер мынадай шарттардың екеуі де орындалса, ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері ескеріледі:

- құралдар бизнес-үлгі аясында ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Осы санаттағы қаржы активтері - бұл шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталатын және өтімділіктің өзгеруіне байланысты немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін құралдар.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер (жалғасы)

ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Бұл санатқа басқаруы әділ құнға негізделген бизнес-модель шеңберінде жүзеге асырылатын немесе басшылықпен бастапқы тану кезінде жіктелген немесе міндетті түрде ХҚЕС (IFRS) 9 “Қаржы құралдарына” сәйкес әділ құны бойынша бағалануы тиіс қаржы активтері кіреді. Бұл санатқа SPPI-тесттен өтпеген немесе бизнес-үлгі аясында ұсталмайтын қаржы активтері кіреді, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражатына кері репо келісімдері бойынша қысқа мерзімді қарыздар, брокерлік шоттардағы, ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары және транзиттік банктік шоттардағы ақша қаражаттары кіреді.

Бизнес-үлгіні бағалау

Компания өзінің бизнес-моделін өзінің бизнес мақсатына жету үшін қаржы активтері портфелін қалай басқаратынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды. Компания шартта көзделген ақша ағындарын алу және сақтандыру шарттары бойынша кінәрат-талаптардың туындауына қарай оларды реттеу үшін қаржылық базаны қамтамасыз ету үшін қаржы активтерін иеленеді. Активтердің бизнес-моделін анықтау кезінде Компания сақтандыру міндеттемелерінің портфельдерін ұстап тұру үшін қажетті ақша ағындарының мерзімдерін, көлемін және құбылмалылығын, сондай-ақ акционерлер үшін пайданы барынша арттыру және бизнестің болашақ дамуы әлеуетін ескереді.

Компанияның бизнес-моделі әрбір құрал бойынша емес, бақыланатын факторларға негізделген жиынтық портфельдердің жоғары деңгейінде бағаланады, атап айтқанда:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығы қалай бағаланады және бұл ақпарат Компанияның басты басқару қызметкеріне қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығына) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, берілген тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйлықақы басқарылатын активтердің әділ құнына негізделген бе әлде шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе).

Активтердің күтілетін жиілігі, құны және сату мерзімі де Компанияны бағалаудың маңызды аспектілері болып табылады. Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарий деп аталатындар сияқты Компания негізді түрде күтпейтін сценарийлер негізінде жүргізілмейді. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары Компания жүргізген бизнес-модельді бағалау күніндегі күтулерден өзгеше тәсілмен іске асырылса, бұл қаржылық есептіліктегі алдыңғы кезеңдердің қателігін көрсету үшін негіз болып табылмайды, Компания осы бизнес-модельге сәйкес ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктемесін өзгертпейді, бірақ сатып алынатын жаңа активтерді жіктеу кезінде осындай ақпаратты ескереді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер (жалғасы)

SPPI тесімі

Жіктеудің екінші кезеңінде Компания шарттың талаптары Solely payments of principal and interest (бұдан әрі - SPPI) тестіне сәйкес келетіндігін анықтау үшін оларды бағалайды. Осы тесттің мақсаттары үшін негізгі сома бастапқы тану кезіндегі қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады және осы қаржы активінің қолданылу мерзімінің ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу немесе сыйлықақы/дисконттың амортизациясы есебінен төлемдер орын алса). Қарыз келісіміндегі пайыздардың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын есепке алу және кредиттік тәуекел болып табылады. SPPI бағалау үшін Компания пайымдауды қолданады және қаржылық актив көрсетілген валюта және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең сияқты тиісті факторларды талдайды.

Қаржы активтерін кейінгі бағалау

ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал осы активке жататын пайда немесе залал валюталық бағамдардың өзгеруінен құнсызданудан және пайдадан және залалдан түскен пайданы немесе залалды қоспағанда, басқа жиынтық табыстың құрамында танылуға тиіс. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық кірістер мен пайда немесе залал амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты пайда немесе залал құрамында танылады. Күтілетін кредиттік залалдар (бұдан әрі – «ККЗ») борыштық құралдары үшін олар әділ құн болып қалатын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржылық активтердің баланстық құнын төмендетпейді.

Оның орнына, егер активтер амортизацияланған құны бойынша бағаланса, пайда болы мүмкін резервке тең сома басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Басқа жиынтық табыстың құрамында танылған борыштық құралдар бойынша жинақталған сомалар активтерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына ауыстырылады.

ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Әділ құнының өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Алынған пайыздар шарттық пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы көрсетіледі.

ПЗӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша дивидендтік табыс, төлем құқығын белгілеу сәтіндегі өзге пайыздық және ұқсас табыстар ретінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл құралдың теңгерімдік құнына әр кезеңдегі тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлеме) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін жарамдылық мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржылық құралдың жалпы теңгерімдік құнына дейінгі қысқарақ мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (болашақ кредиттік залалдарды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәніне қарамастан белгіленетін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйлықақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыздың өзгеруінің келесі күніне дейін ауыспалы мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құрал айналысының күтілетін бүкіл мерзімі ішінде амортизацияланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Қаржы активтерін тануды тоқтату

Елеулі түрлендіру жағдайларын қоспағанда, тануды тоқтату

Қаржы активін тану мына жағдайларда тоқтатылады:

- бұл қаржылық активтен ақшалай ағындарға шартпен көзделген құқықтардың әрекет ету мерзімі аяқталады; немесе
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе өзіне «өтпелі» келісім бойынша алынған ақша ағындарының үшінші тарапқа толық көлемде айтарлықтай кідіріссіз төлеуге міндеттеме алды; және немесе:
 - Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстады; немесе
 - Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстаған жоқ және сақтаған жоқ, бірақ осы активті бақылауды табыстады.

Компания, қабылдаушы тараптың активті тәуелсіз үшінші тарапқа сатудың практикалық мүмкіндігі болған кезде ғана бақылау табысталды деп санайды және бұл ретте, қабылдаушы тарап бұл мүмкіндікті біржақты тәртіпте және осындай табыстауға қосымша шектеулер қою қажеттілігінсіз пайдалана алады деп санайды.

Қаржы активтерінің шарттарының елеулі түрленуіне байланысты тануды тоқтату

Компания қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының талаптары мен ережелері, шын мәнінде, ол жаңа құралға айналатындай дәрежеде қайта қаралған кезде қаржы активін тануды тоқтатады, бұл ретте айырмашылық тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады.

Құралды тануды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде, басқалармен қатар, Компания келесі факторларды ескереді:

- борышқорлық құрал валютасының өзгеруі;
- пайыздық мөлшерлеменің бекітілгеннен өзгермеліге және керісінше өзгеруі;
- үлестік қатысу белгісін енгізу;
- контрагенттің өзгеруі;
- егер түрлендіру құрал бұдан былай SPPI критерийіне сәйкес келмейтіндей болса.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, онда түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруіне сүйене отырып, Компания модификациядан түскен пайданы немесе залалды көрсетеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтерінің құнсыздануын бағалауды Компания жеке және ұжымдық түрде жүргізеді. Бұл ретте Компания өткен оқиғаларды, ағымдағы жағдайларды, құрал бойынша болашақ ақша ағындарының күтілетін жиналуына әсер ететін ақылға қонымды және негізделген болжамдарды қоса алғанда, ақпараттың кең ауқымын ескереді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Осы перспективалық тәсілді қолдану кезінде мыналар арасында айырмашылық жасалады:

- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапасы елеулі нашарламаған немесе төмен кредиттік тәуекелі бар қаржы құралдары («1-кезең»);
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапаны едәуір нашарлататын және несиелік тәуекелі төмен емес қаржы құралдары («2-кезең»);
- «3-кезең» есепті күнге құнсызданудың объективті белгілері бар қаржы активтерін қамтитын болады.

«12 айлық күтілетін кредиттік залалдар» бірінші санат үшін, ал «қызмет ету мерзімінің ішіндегі күтілетін кредиттік залалдар» - екінші санат үшін танылады.

Бағалы қағаздар мен ақша қаражаттарына және олардың баламаларына қатысты құнсыздану

Күтілетін несиелік шығындарды есептеу механизмі төменде келтірілген және келесі негізгі элементтер болып табылады:

- Дефолт ықтималдығы (PD) — белгілі бір уақыт аралығында дефолт ықтималдығын бағалау. Ол экономикалық сценарийлер мен болжамды ақпаратты ескере отырып бағаланады.
- Дефолт тәуекеліне ұшыраған талап шамасы (EAD) — есепті күннен кейінгі тәуекел шамасындағы күтілетін өзгерістерді, соның ішінде негізгі қарыз бен пайыз төлемдерін, шартта жоспарланған және өткізіп алған төлемдер үшін есептелген пайыздарды ескере отырып, болашақ дефолт күніне тәуекелге ұшырауды бағалау.
- Дефолт кезіндегі ысырап деңгейі (LGD) — бұл дефолт белгілі бір уақытта болған жағдайда пайда болатын залалды бағалау. Ол шарт бойынша төленетін ақша ағындары мен Компания күткен ақша ағындары арасындағы айырмашылыққа негізделген. Ол әдетте EAD пайызымен көрсетіледі.

Есептен шығару

Қаржылық активтер Компания өндіріп алу процедурасын тоқтатқан кезде ғана ішінара немесе толық есептен шығарылады. Егер есептен шығарылатын сома жинақталған ККЗ-дан асып кетсе, айырмашылық алдымен ККЗ артуы ретінде есептеледі, ол өз кезегінде кейіннен теңгерімдік құнын төмендетеді. Кез келген кейінгі өтемедеулер шығындарға жатқызылады. Осы қаржылық есептілікте көрсетілген кезеңдерде қаржы активтерін толық немесе ішінара есептен шығару орын алған жоқ.

Негізгі құралдар

Жер мен ғимараттар кейіннен есептелген жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі қайта бағалау сәтіндегі әділ құнды білдіретін қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Жер, әдетте, шексіз қызмет мерзіміне ие және амортизацияға жатпайды. Негізгі құралдардың баланстық құны олардың есепті күндегі әділ құнынан айтарлықтай айырмашылығы болмауы үшін қайта бағалау үнемі жүргізіледі.

Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттар, құрылыстар құнының кез келген ұлғаюы өзге жиынтық табысқа қосылады және бұрын залал ретінде көрсетілген сол активтер құнының алдыңғы төмендеуінен асатын шамада капиталда жинақталады. Алдыңғы төмендеу сомалары шегінде қайта бағалау қаржылық нәтижеге жатады. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттардың баланстық құнының төмендеуі оның осы активті бұрынғы қайта бағалау нәтижесінде құрылған қайта бағалау қорының қалдығынан асу сомасындағы қаржылық нәтижеге де жатады.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі қаражаттар (жалғасы)

Қайта бағаланатын ғимараттардың, құрылыстардың тозуы бойынша шығыстар пайда мен залалда көрсетіледі. Қайта бағаланатын ғимараттарды кейіннен сату немесе шығару кезінде негізгі құралдарды қайта бағалау қорының қалдығы тікелей бөлінбеген пайда шотына есептен шығарылады.

Көлік және өзге де негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың бастапқы құны сатып алу құнын, оның ішінде импорттық баж салықтары мен өтелмейтін салықтарды, егер тану шарттарын қанағаттандыратын болса, ұзақ мерзімді жобалардың құрылысына тікелей жататын қарыздар бойынша шығындарды, сондай-ақ активті жұмыс жағдайына келтіруге және оны нысаналы пайдалану орнына жеткізуге байланысты кез келген тікелей шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың тозуы, келесі жылдық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, пайдалы қызметтің есепті мерзімі ішінде тік сызықты әдіс негізінде есептеледі:

Негізгі құралдардың санаттары	Мөлшерлеме, жылына %
Жер	Амортизацияланбайды
Ғимараттар	2.50–8.00%
Көліктік құралдары	15.00%
Машиналар және жабдық	8.00–15.00%
Өзге	7.00–10.00%

Активтерді сату немесе шығару кезінде олардың құны мен жинақталған тозуы тиісті шоттардан жойылады, ал олардың шығуы нәтижесінде туындайтын кез келген кіріс немесе залал пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Негізгі құралдарды пайдалануға енгізгеннен кейін, жөндеуге және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар сияқты туындаған шығындар, әдетте, осы шығындар жұмсалған кезеңдегі шығыстарға жатқызылады. Негізгі құралды бастапқы бағаланған көрсеткіштерден тыс пайдаланудан күтілетін болашақ экономикалық пайданың ұлғаюына әкелетін шығындар (пайдалану мерзімінің, қуаттың және т.б. ұлғаюы) негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады.

Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдері, жою құны және тозуды есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Басқа активтер

Басқа активтерге қызметкерлердің аквизициялық аванстық төлемдер бойынша берешегі, тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар, материалдық емес активтер, корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлемдер, тауарлық-материалдық қорлар және басқалар жатады. Басқа барлық активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Корпоративті табыс салығы

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салық кіреді.

Пайда салығы ағымдағы корпоративтік табыс пен кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді. Ағымдағы және кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы басқа жиынтық табыстың немесе капиталдың құрамында тікелей көрсетілетін баптарға қатысты жағдайларды қоспағанда, пайда немесе залал ретінде танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сәйкесінше басқа жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда танылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Корпоративтік табыс салығы (жалғасы)

Ағымдағы корпоративті табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы - бұл Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын ағымдағы корпоративтік табыс салығы капитал құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы

Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен қаржылық есептілік мақсаттары үшін олардың ағымдағы құны арасындағы есепті күнге уақытша айырмашылықтарды айқындау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады. Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болатын елеулі ықтималдылық бар дәрежеде танылады. Салық активтері мен салық міндеттемелері қаржылық есептілікте уақытша айырмашылық активтің немесе міндеттеменің бастапқы танылуы нәтижесінде, бизнестің бірігуі болып табылмайтын мәміле барысында туындайтын және операция жасалған сәтте бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе залалға да әсер етпейтін жағдайларда көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу екіталай дәрежеде төмендейді. Кейінге қалдырылған корпоративті табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік беретіндей елеулі ықтималдылық пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген салық салу мөлшерлемелерін (сондай-ақ салық заңнамасының ережелерін) пайдалана отырып есептеледі және болжанып отырғандай, салық активін өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде әрекет етеді. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау Компанияның активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын төлеу немесе өтеу тәсілдеріне қатысты ниеттерінің (есепті күнгі жағдай бойынша) салықтық салдарын көрсетеді.

Резервтер

Резервтер Компанияның өтеуі қажет болатын өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелері (заңды немесе тәжірибеден туындайтын) болған кезде есепте көрсетіледі, бұл ретте мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәлдікпен бағалануы мүмкін.

Есепте көрсетілетін болашақтағы шығындар резервінің көлемі, аталмыш міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып есептеу күніне анықталған міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең үздік бағалануын білдіреді. Егер болашақ шығын резервінің көлемі міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағындарының негізінде есептелетін болса, онда болашақ шығындар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер ақша құнының уақыт бойынша әсері елеулі болса).

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қызметкерлердің сыйақыларынан аударымдар

2024 жылы Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес материалдық игіліктерді қоса алғанда, қызметкерлердің жалақысы мен өзге де төлемдерінің 9.5% мөлшерінде бірыңғай өлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салық төлейді (2023 жыл: 9.5%). 3.5% мөлшеріндегі әлеуметтік салық сомасының бір бөлігі "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ға аударылады (2023 жыл: 3.5%).

2024 жылы Компания материалдық игіліктерді қоса алғанда, қызметкерлердің жалақысы мен өзге де төлемдерінің 3% мөлшерінде әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша міндетті жарналарды төлейді (2023 жыл: 3%).

Компания сонымен қатар 2024 жылы өз қызметкерлерінің жалақысының 10% мөлшерінде (2023 жылы: 10%) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ-ға аударымдар ретінде міндетті зейнетақы жарналарын ұстайды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдардан басқа, Компания материалдық игіліктерді, жеке табыс салығын қоса алғанда, қызметкерлердің жалақысынан және өзге де төлемдерден 10% мөлшерінде бірыңғай өлшерлеме бойынша ұстайды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания қызметкерлер үшін ай сайын жұмыс берушінің жалақысының 1.5% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын төлейді (2023 жыл: қолданылмады).

Тікелей және кері репо келісімдері

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу келісімдері (репо шарттары) есептілікте қаржыландырудың қамтамасыз етілген операциялары ретінде көрсетіледі. Repo шарттары бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады және контрагенттің келісімшарт талаптарынан немесе жалпы қабылданған практикадан туындайтын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге беруге құқығы болған жағдайда, репо шарттары бойынша кепіл ретінде берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер тікелей репо келісімдері бойынша алынған қарыздардың құрамына енгізіледі.

Қарыз шарттарында контрагенттерге берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады. Қарыз шарттарымен тартылған бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте оларды үшінші тұлғаларға өткізген кезде ғана көрсетіледі. Бұл жағдайда сатып алу-сату мәмілесі сауда бағалы қағаздарымен операциялар бойынша шығындарды шегергендегі пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте есепке алынады. Кері сату (кері репо) шарттары бойынша бағалы қағаздарды сатып алу кері репо келісімдері бойынша алынған қарыздардың құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кіріс ретінде қарастырылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, репо шарттарының қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал бастапқы күн бойынша көрсетіледі. Жай акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңдегі капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетілген қорларға мыналар жатады:

- Негізгі құралдарды қайта бағалау қоры;
- Басқа резервтер;

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру шарттары мен ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының жіктелуі

Компания өзінің әдеттегі қызметі барысында сақтандыру шарттарын шығарады, ол бойынша ол айтарлықтай сақтандыру тәуекелін қабылдайды. Компания сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін төленуге тиісті төлемдердің сомаларын, егер сақтандыру жағдайы орын алмаған жағдайда төленуге тиісті төлемдердің сомаларымен салыстыру арқылы шығарылатын шарттарда айтарлықтай сақтандыру тәуекелі бар-жоғын анықтайды. Сақтандыру шарттары қаржылық тәуекелді де бере алады. Өмірді сақтандыру бойынша Компания өмір бойы аннуитеттік төлемдермен шарттар (жұмыс берушінің жауапкершілік аннуитеттері, зейнетақы аннуитеттері, жинақтаушы сақтандыру және өмірді мерзімді сақтандыру), жинақталған төлеммен жинақтаушы сақтандыру, сатып алу сомасын төлеумен өмірді мерзімді сақтандыру шарттарын шығарады. Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру бойынша Компания еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарын және ҚЖОМС шарттарын шығарады.

Сондай-ақ, компания өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа шарттардан туындайтын шығындарды өтеу үшін өзінің әдеттегі қызметі барысында ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын жасайды.

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарынан құрамдас бөліктерді бөлу тәртібі

Компания жасалатын сақтандыру шарттарын және тиісті ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын, егер олар жеке шарттар болса, ХҚЕС (IFRS) 17 "Сақтандыру шарттары" дегеннен басқа стандарттарды қолдану саласына жататын бөлінетін құрамдас бөліктердің болуы тұрғысынан талдайды. Кез келген бөлінетін құрамдас бөліктерді бөлгеннен кейін Компания сақтандыру шартының (негізгі) барлық қалған құрамдас бөліктеріне ХҚЕС (IFRS) 17 қолдануы тиіс. Қазіргі уақытта Компанияның сақтандыру шарттарында КЕХС (IFRS) 17-ден басқа стандарттарға сәйкес жекелеген шарттар ретінде бөлуді және есепке алуды талап ететін бөлінетін құрамдастар жоқ.

Компания жасаған өмірді сақтандырудың кейбір шарттарында сақтанушыға шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе ертерек бұзылған кезде төленетін сатып алу сомасын төлеу шарты бар. Бұл сатып алу сомалары ХҚЕС (IFRS) 17 сәйкес инвестициялық құрамдастың анықтамасына сәйкес келеді.

ХҚЕС (IFRS) 17-ге сәйкес инвестициялық құрамдастар – бұл сақтандыру шарты бойынша Компания сақтанушыға сақтандыру жағдайы болмаса да төлеуге міндетті сомалар. Сақтандыру шартының бір бөлігі болып табылатын, онымен тығыз байланысты инвестициялық құрамдастар ажыратылмайтын болып табылады, жекелеген шарттар ретінде есепке алынбайды және сақтандыру міндеттемелерінің құрамына кіреді. Алайда, осы инвестициялық құрамдас бөліктер бойынша түсімдер мен төлемдер сақтандыру түсімдері мен сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар құрамынан шығарылады. Компания сатып алу сомалары сақтандыру шарттарының сақтандыру құрамдас бөлігімен тығыз байланыста болады, сондықтан айырылмайтын инвестициялық құрамдас бөліктер болып табылады деп бағалайды.

Жасалатын сақтандыру шарттарында өмірді сақтандырудан өзгеше инвестициялық құрамдас бөліктер болмайды.

Компания бұл кепілдендірілген ең төменгі сомалар қайта сақтандыру шарттарының сақтандыру құрамдас бөлігімен тығыз байланыста болады, демек, жекелеген шарттар ретінде есепке алынбайтын, бірақ сақтандыру міндеттемелерінің құрамына енгізілетін айырылмайтын инвестициялық құрамдас бөліктер болып табылады деп бағалайды. Осы инвестициялық құрамдас бөліктер бойынша түсімдер мен төлемдер сақтандыру түсімдері мен сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар құрамынан шығарылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Біріктіру деңгейі

ХҚЕС (IFRS) 17 Компаниядан сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін сәйкестендіруді талап етеді. Компания үшін біріктіру деңгейі, біріншіден, қол қойылған шарттарды портфельдерге бөлу арқылы анықталады. Портфельдер бірлесіп басқарылатын ұқсас тәуекелдері бар шарт топтарынан тұрады. Әрі қарай портфельдер күтілетін кірістілікке байланысты үш санатқа бөлінеді: ауыртпалықты шарттар, ауыртпалықты болу ықтималдығы жоқ шарттар және қалған шарттар. Бұл дегеніміз, біріктіру деңгейін анықтау үшін Компанияның шартты ең кіші "бірлік" ретінде анықтауын білдіреді.

Алайда, Компания сонымен бірге шарттар жиынтығын негізді және расталған ақпарат негізінде топтың кірістілігін бағалау кезінде бірге қарастыруға болатындығын немесе бір шартта бөліп алуға болатын және бөлек шарттар сияқты қарастырылуы керек құрамдастардың бар-жоғын бағалайды. Осылайша, бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін шарт ретінде қарастырылатын нәрсе басқа мақсаттар үшін (мысалы, заңды немесе басқарушылық) шарт ретінде қарастырылатыннан өзгеше болуы мүмкін. ХҚЕС (IFRS) 17-де біріктіру мақсатында бірде-бір топ бір жылдан астам айырмашылықпен жасалған шарттарды қамти алмайтындығы атап өтілген.

Компания сақтандыру өнімі негізінде сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін айқындайды: өмірді сақтандыру бойынша – өмір бойы аннуитеттік төлемдері бар шарттар тобы және сатып алу сомаларын төлеумен өмірді сақтандыру шарттарының тобы, өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру бойынша – еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттары мен ҚЖОМС тобы, бұл өнімдер ұқсас тәуекелдерге ұшырайтындығына және бірлесіп басқарылатындығына байланысты.

Компания тиісті топтар бойынша ХҚЕС (IFRS) 17 қолданған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын біріктірудің негізгі критерийлерін айқындады:

- ауыртпалықты сақтандыру шарттары;
- пайдалы сақтандыру шарттары;
- басқа сақтандыру шарттары.

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру үшін Компания толық ретроспективті тәсілді қолданды. Компания 2020 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін шығарылған барлық шарттарға өту кезінде толық ретроспективті тәсілді қолданды.

Өмірді сақтандыру

Компания өмір бойы аннуитеттік төлемдер портфеліндегі белгілі бір шарттар топтары үшін түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолданды, себебі ауысқанға дейін ол өзінің әртүрлі шоғырланымдарға жататын шарттарын есепке алу мақсатында бір топқа топтастырып отырған.

Осы портфельдер үшін өту кезіндегі толық ретроспективті тәсілді қолдану Компания үшін жүзеге асырылуы мүмкін емес деп танылды, себебі актуарлық бағалау туралы есептерден қолданыстағы өнімдер бойынша барлық қажетті тарихи деректерді алу мүмкін болмады. Сондықтан Компания қолданыстағы есеп беру жүйелерінен негізделген және расталатын ақпаратты пайдаланды, бұл ретроспективті тәсілмен алынған нәтижеге жақын нәтижеге әкелді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Тану

Компания сақтандыру шарттарының топтарын ең ерте күндеріне қарай таниды:

- шарттар тобы бойынша қамту кезеңінің басталу күні;
- шарттардың тиісті тобында полис ұстаушыдан алғашқы төлемді төлеу мерзімі келетін күн;
- ауыртпалықты шарттар тобы үшін - фактілер мен жағдайлар топтың ауыртпалықты екенін көрсеткеннен кейін.

Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтарын ең ерте күндерге қарай таниды:

- қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша қамту кезеңінің басталу күні. Бұл ретте, егер бұл күн жасалған қайта сақтандыру шарттары тобын жабу кезеңінің басталуынан кешірек болып табылса, жасалған пропорционалды қайта сақтандыру шарттарының тобы кез келген базалық сақтандыру шарты бастапқы танылған күнге дейін танылмайды;
- егер Компания осы күнге немесе одан бұрын жасалған қайта сақтандыру шарттарының тобына кіретін тиісті қайта сақтандыру шартын жасаса, Компанияның базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалықты тобын тану күні.

Компания есепті кезеңде топқа жаңа шарттарды енгізеді, онда осы шарт аталған тармақта жоғарыда көрсетілген критерийлердің біріне сәйкес келеді.

Шарттар аясы

Сақтандыру шарттары тобын бағалау кезінде Компания топтағы әрбір шарт аясында болатын барлық болашақ ақша ағындарын ескереді. Егер Компания полис ұстаушыға сыйлықақыларды төлеуге міндеттей алатын немесе осы уақыт ішінде Компанияның полис ұстаушыға сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетуге нақты міндеті бар есепті кезеңдегі нақты құқықтар мен міндеттерге негізделген болса ақша ағындары сақтандыру шартының аясында болады. Сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетудің нақты міндеті мына кезде аяқталады, егер:

- Компанияда белгілі бір полис ұстаушы бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың практикалық мүмкіндігі болса, нәтижесінде ол осындай тәуекелдерді толық көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады; немесе
- төмендегі екі шарт та орындалады:
 - Компанияның осы шартты қамтитын сақтандыру шарттарының портфелі бойынша тәуекелдерді қайта бағалаудың практикалық мүмкіндігі бар, нәтижесінде ол осы портфель бойынша тиісті тәуекелді толық көлемде көрсететін тарифті немесе пайда деңгейін белгілей алады; және
 - сыйлықақыларды тәуекелдерді қайта бағалау жүзеге асырылатын күнге дейін тарифтеу кезінде қайта бағалау күнінен кейінгі кезеңдерге жататын тәуекелдер ескерілмеді.

Сақтандыру шартынан тыс күтілетін талаптарға немесе күтілетін сыйлықақыларға байланысты міндеттемелер немесе активтер танылмайды. Мұндай шамалар болашақ сақтандыру шарттарымен байланысты.

Ұзарту мүмкіндігі бар өмірді сақтандыру шарттары үшін Компания сыйлықақылар мен олармен байланысты аударым нәтижесінде туындайтын ақша ағындарының шарт шеңберінде екенін бағалайды. Ұзартуға арналған тарифті Компания сақтанушы үшін Компания жабатын барлық тәуекелдерді ескере отырып белгілейді, оны Компания ұзарту күніне ұқсас шарттар жасасу кезінде ескереді. Компания әр есепті кезеңнің соңында әр топ шарттарының аясын қайта қарайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – General measurement model (бұдан әрі - «GMM») бағалаудың жалпы моделі

Бастапқы тану

Сақтандыру шарттары

Бастапқыда тану кезінде Компания сақтандыру шарттарының тобын келесі шамалардың қосындысы ретінде бағалайды:

- шарттарды орындау бойынша ақша ағындары;
- шартта көзделген қызметтер үшін маржалар.

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындары ақшаның уақытша құнын және қаржылық тәуекелдерді көрсету үшін келтірілген құнға дейін дисконтталған болашақ ақша ағындарын бағалау ықтималдығын ескере отырып, алдын ала ойластырылыпмаған және өлшенген, сондай-ақ қаржылық емес тәуекелге түзету болып табылады.

Болашақ ақша ағындарын бағалаудың мақсаты - есепті күнге барлық негізделген және расталған ақпаратты ескере отырып, ықтималдылықты, барлық мүмкін нәтижелердің ауқымын ескере отырып, артық шығындар мен күш-жігерсіз ойластырылған күтілетін құнды алу. Компания болашақ ақша ағындарын коммерциялық мазмұны бар және мүмкін болатын нәтижелер туралы жақсы түсінік беретін бірқатар сценарийлерді ескере отырып бағалайды. Әр сценарий бойынша ақша ағындары ықтималдылықты ескере отырып өлшенеді және ағымдағы жорамалдарды қолдана отырып дисконтталады.

Болашақ ақша ағындарын бағалай отырып, Компания шарттардағы барлық ақша ағындарын қамтиды, соның ішінде:

- сыйлықақылар және сыйлықақыны төлеуге байланысты кез келген қосымша ақша ағындары;
- полис ұстаушының пайдасына (немесе оның атынан) төлемдер, оның ішінде бұрын мәлімделген, бірақ әлі төленбеген талаптар (яғни мәлімделген талаптар), бұрын болған оқиғаларға қатысты туындаған талаптар, бірақ бұл оқиғаларға қойылатын талаптар әлі мәлімделмеген, сондай-ақ оған қатысты Компанияла нақты міндеттер бар барлық болашақ талаптар;
- полис ұстаушыларға сатып алу сомасын төлеу;
- осы шарт тиесілі портфельге жататын аквизициялық ақша ағындарын бөлу;
- талаптармен жұмыс істеу шығындары;
- полисті жүргізу және қызмет көрсету шығындары;
- шарт топтарымен тікелей байланысты тұрақты және ауыспалы үстеме шығыстарды бөлу.

Компания артық шығындар мен күшсіз болашақ ақша ағындарының мөлшері, мерзімі және белгісіздігі туралы барлық қолжетімді және расталған ақпаратты пайдаланады. Компания алынған ақпаратқа сүйене отырып, жасалған шарттар бойынша болашақ төлемдердің ықтималдығы мен сомаларын бағалайды:

- полис ұстаушылар мәлімдеген шығындар туралы ақпарат;
- шарттарда белгіленген сипаттамалар мен бағалау мәндері;
- қажет болған жағдайда сыртқы көздерден алынған деректермен толықтырылатын ағындар туралы өзіндік жинақталған статистика. Статистикалық деректер ағымдағы шарттарды ескере отырып түзетіледі;
- қолданылатын және қолжетімді ағымдағы бағалар туралы ақпарат.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – GMM жалпы бағалау моделі (жалғасы)

Бастапқы мойындау (жалғасы)

Сақтандыру шарттары (жалғасы)

Міндеттемелерді орындаудан түскен ақша ағындарын бағалау шарттың қолданылу мерзімі ішінде пайда немесе залал құрамында (сақтандыру операциялары бойынша түсімдер мен шығыстар құрамында) сыйлықақының бөлігі ретінде біркелкі бөлінетін аквизициялық ақша ағындарын қамтиды.

Шартта көзделген қызметтер үшін маржа (бұдан әрі – «ШКҚМ») сақтандыру шарттарының тобы бойынша активтердің немесе міндеттемелердің құрамдас бөлігі болып табылады және Компания болашақта қызметтер көрсету кезінде танитын аққұла пайданы білдіреді. Компания шарттар тобы ауыртпалық тудыратын жағдайларды қоспағанда, мыналардың нәтижесінде пайда болатын кірістер мен шығыстарға әкелмейтін сомада бастапқы тану кезінде ШКҚМ бағалайды:

- шарт топтарын орындау бойынша ақша ағындарының шамасын бастапқы тану;
- шарттар тобын бастапқы тану күні жүзеге асырылған активтерді тануды тоқтату аквизициялық ақша ағындары түрінде;
- көрсетілген күнге осы топтың шарттары бойынша туындайтын ақша ағындары.

Ауыртпалықты шарт топтары бойынша Компания кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы қаражаттың таза ағынына қатысты залалды таниды, нәтижесінде шарттар тобы үшін міндеттеменің баланстық құны орындаудан түскен ақша ағынына тең, ал топтың ШКҚМ нөлге тең болады.

Жабудың қалған бөлігі бойынша міндеттеме Компанияның тергеу жүргізу және әлі болмаған сақтандыру жағдайлары бойынша негізделген талаптарды төлеу міндетін білдіреді (яғни, өтеу мерзімінің аяқталмаған бөлігіне қатысты міндеттеме) және бастапқы тану кезінде сақтандыру шарты бойынша барлық күтілетін болашақ ақша ағындары мен жылыстауын, сондай-ақ осы шарт үшін ШКҚМ-ды қамтиды.

Туындаған талаптар бойынша міндеттеме – бұл Компанияның бұрын болған, бірақ талаптары әлі мәлімделмеген жағдайларды қоса алғанда орын алған сақтандыру жағдайларына қатысты тергеу жүргізу және негізделген талаптарды және сақтандыру бойынша басқа да шығындарды төлеу міндеті.

Шарттар тобы бастапқыда танылған кезде, туындаған талаптар бойынша міндеттеме әдетте нөлге тең болады, себебі ешқандай сақтандыру жағдайлары болған жоқ.

Кейінгі бағалау

Сақтандыру шарттары

Есепті кезеңнің соңындағы ШКҚМ пайда немесе залал құрамында әлі танылмаған сақтандыру шарттары тобы бойынша пайданы білдіреді, себебі ол осы топқа кіретін шарттар бойынша ұсынылатын болашақ кезеңдердің қызметтеріне жатады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – GMM жалпы бағалау моделі (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Сақтандыру шарттары (жалғасы)

Тікелей қатысу талаптарыңыз сақтандыру шарттары үшін есепті кезеңнің соңындағы шарттар тобы бойынша ШКҚМ баланстық құны есепті кезеңнің басында есепке ала отырып түзетілген баланстық құнға тең:

- топқа қосылған жаңа шарттардың әсері;
- бастапқы тану кезінде дисконттау мөлшерлемелерін қолданумен есептелген есепті кезең ішінде ШКҚМ-ның баланстық құнына есептелген пайыздар (бекітілген мөлшерлемесі);
- болашақ кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарындағы өзгерістерді қоспағанда;
- шарттарды орындау бойынша ақша ағындары шамасының ұлғаюы ШКҚМ-ның баланстық құнынан асып түседі, бұл залалдың пайда болуына әкеледі; немесе
- шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының шамасын азайту жабудың қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы залал құрамдасына жатады;
- ШКҚМ-ға бағамдық айырмашылықтардың әсері;
- есепті кезеңде сақтандыру шарты бойынша қызметтер көрсету салдарынан сақтандыру бойынша түсім ретінде танылған, есепті кезеңнің соңында (бөледі жүзеге асырғанға дейін) қалған ШКҚМ-ды ағымдағы және қалған жабу кезеңдеріне бөлу жолымен айқындалатын сома.

Бекітілген дисконттау мөлшерлемесі 12 айлық кезең ішінде топқа (шоғырланымға) кірген шарттарды бастапқы тану күніне қолданылатын мөлшерлемелердің орташа өлшенген мәнін білдіреді. ШКҚМ бойынша пайыздарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі "төменнен жоғары" тәсілін қолдана отырып анықталады.

ШКҚМ түзететін болашақ қызметтерге байланысты ақша ағындарының өзгеруіне мыналар жатады:

- кезең ішінде алынған сыйлықақылар мен онымен байланысты ақша ағындарының (мысалы, аквизициялық ақша ағындары) арасындағы айырмашылықтан туындайтын тәжірибеге негізделген түзетулер, олар болашақ кезеңдердің қызметтеріне және кезеңнің басында осы ағындардың күтілетін бағасына жатады. Ағымдағы немесе өткен кезеңдегі қызметтер үшін алынған сыйлықақылармен байланысты айырмашылықтар пайда немесе залал құрамында бірден танылады, ал болашақ қызметтер үшін алынған сыйлықақылармен байланысты айырмашылықтар ШКҚМ есепке ала отырып түзетіледі;
- ақшаның уақытша құнының өзгеруіне және қаржылық тәуекелдің өзгеруіне байланысты өзгерістерді қоспағанда, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме бойынша болашақ ақша ағындарының келтірілген құнының есептік бағасының өзгеруі (бұл өзгерістер пайда мен залал туралы есептің және өзге де жиынтық табыстың құрамында танылады және ШКҚМ-ды түзетпейді);
- осы кезеңде төленуі күтілетін инвестициялық құрамдас бөлік пен осы кезеңде нақты төленген инвестициялық құрамдас бөлік арасындағы айырмашылық;
- болашақ кезеңдердің қызметтеріне жататын қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетудің өзгерістері

ШКҚМ-ның барлық өзгерістері қаржылық емес тәуекелге тәуекел түзетулерінің өзгерістерін қоспағанда, бастапқы тану кезінде сақтандыру шарттары тобы бойынша ақша ағындарының сипаттамаларын көрсететін дисконттау мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – GMM жалпы бағалау моделі (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Сақтандыру шарттары (жалғасы)

Компания әрбір есепті кезеңнің соңындағы сақтандыру шарттары портфелінің баланстық құнын мына сома ретінде бағалайды:

- осы күнге топтың болашақ кезеңдеріндегі қызметтеріне мен ШКҚМ қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындары кіретін өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер; және
- осы күнге аталған топқа жатқызылған өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын қамтитын туындаған талаптар бойынша міндеттемелер.

Қайта сақтандыру шарттары

Жасалған қайта сақтандыру шарттарын кейіннен бағалау мыналарды қоспағанда, жасалған сақтандыру шарттары үшін қолданылатын қағидаттар бойынша жүзеге асырылады:

- ақша ағындарын бағалау, соның ішінде даулар нәтижесінде болуы мүмкін барлық залал кепілдіктерін бағалауды қоса алғанда, қайта сақтандырушылардың міндеттемелерді орындамау тәуекелін ықтималдық негізіндегі ойластырылған талдауды қамтиды;
- Компания қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді қайта сақтандырушыға берілетін тәуекел шамасын көрсететіндей етіп анықтайды;
- Компания бастапқы тану кезінде таза шығындарды да, ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобын ШКҚМ ретінде сатып алудан түскен таза пайданы да таниды;
- егер базалық сақтандыру шарттарынан туындайтын тиісті өзгерістер пайда немесе залал құрамында танылса, орындаудың ақша ағындарындағы өзгерістер пайда немесе залал құрамында танылады. Өйтпесе, ақша ағындарындағы өзгерістер ШКҚМ-ны түзетеді.

Сақтандыру шарттары - тануды түрлендіру және тоқтату

Компания мынадай жағдайда сақтандыру шарттарын тануды тоқтатады:

- шарт бойынша құқықтар мен міндеттер өтелсе (яғни мерзімі өткеннен кейін тоқтатылса, орындалса немесе жойылса); немесе
- шарт түрленім міндеттемелерді бағалау моделінің немесе шарт құрамластарын бағалау үшін қолданылатын стандарттың өзгеруіне әкелетіндей етіп түрлендіріледі. Мұндай жағдайларда Компания бастапқы шартты тануды тоқтатады және түрлендірілген шартты жаңадан жасалған ретінде таниды.

Шартты түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмесе, Компания шарттың өзгеруіне байланысты төленген немесе алынған сомаларды өтеудің қалған бөлігі бойынша тиісті міндеттемені түзету ретінде таниды.

Сақтандыру бойынша түсім

Сақтандыру бойынша түсімдер сақтандыру шарттарының портфелінен туындайтын сақтандыру өтемін және басқа да қызметтерді Компания қызмет көрсетудің орнына алатын сыйақы сомасында ұсынуды көрсетеді. Осылайша, сақтандыру шарттарының портфелі бойынша түсім кезеңдегі шарттар бойынша жалпы сыйақының бір бөлігін білдіреді (яғни, қаржылық тиімділікті (ақшаның уақытша құнын) ескере отырып түзетілген, Компания алған сыйлықақылар сомасы) егер қолданылса, болғызбайтын кез келген инвестициялық құрамдастар).

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – GMM жалпы бағалау моделі (жалғасы)

Сақтандыру бойынша түсім (жалғасы)

Шарттар тобы бойынша сыйақының жалпы сомасы қызметтер көрсетуге байланысты сомаларды білдіреді және мыналарды қамтиды:

- өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы залал құрамдасына жатқызылған кез келген соманы қоспағанда, сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстар;
- өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы залал құрамдасына жатқызылған сомаларды қоспағанда, қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету;
- шартта көзделген қызметтер үшін маржа;
- аквизициялық ақша ағындарымен байланысты сомалар.

Залал құрамдасы

Бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болып табылатын шарттар сол портфельде бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болып табылмайтын шарттардан бөлек топтарға бөлінеді. Бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болмаған топтар, егер болжамдар өзгерсе немесе қолайсыз өзгерістер орын алса, кейіннен ауыртпалықты топқа айналуы мүмкін. Компания болашақ залалдарды тануды көрсететін шарттардың кез келген ауыртпалықты тобы үшін өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемелер құрамындағы залал құрамдасын таниды.

Сыйлықақыны бөлу негізінде тәсілді қолдану кезінде Компания фактілер мен мән-жайлар керісінше көрсететін жағдайларды қоспағанда, портфельде бастапқы тану сәтінде ауыртпалықты шарттар жоқ деген болжамға негізделеді. Олай болмаған жағдайларда және егер өтеу әрекетінің кезеңінде қандай да бір сәтте фактілер мен мән-жайлар сақтандыру шарты тобының ауыртпалықты болып табылатынын көрсетсе, Компания залалдың құрамдас бөлігін де таниды.

Залалдың құрамдас бөлігі ауыртпалықты сақтандыру шарттарының әрбір тобына жататын залалдарды шартты есепке алу болып табылады (немесе кейіннен ауыртпалықты болған, жасасу сәтінде пайдалы шарттар). Кейіннен залалдың құрамдас бөлігі ақша ағындарындағы кейінгі өзгерістерді орындаудан бөлу арқылы жүйелі түрде есептен шығарылады: (i) залал құрамдасы; және (ii) залал құрамдасын қоспағанда, өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме. Залалдың құрамдас бөлігі болашақ кезеңдердің қызметтерімен байланысты орындаудан түскен ақша ағындарын бағалаудағы кейінгі өзгерістерді ескере отырып жаңартылады. Залалдың құрамдас бөлігіндегі кейінгі өзгерістерді бөлу залалдың құрамдас бөлігіне жатқызылған жалпы сомалардың шарттар тобы бойынша өтеу кезеңінің соңына қарай нөлге тең болуына әкеледі (себебі залалдың құрамдас бөлігі сақтандыру шарттарының тобына байланысты келтірілген төлемдер мен шығыстар түрінде жүзеге асырылатын болады). Компания залалдың құрамдас бөлігін қоспағанда, залалдың құрамдас бөлігі мен өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме арасындағы болашақ ақша ағындарындағы кейінгі өзгерістерді жүйелі түрде бөлуді анықтау үшін бастапқы тану кезінде пропорцияны пайдаланады.

Егер Компания базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалық тобын бастапқы тану кезінде залалды таныса немесе топқа қосымша ауыртпалық базалық сақтандыру шарттары қосылған кезде, Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша өтеудің қалған бөлігі бойынша актив құрамындағы залалды өтеу құрамдасын таниды, бұл күтілетін залалды өтеуді көрсетеді.

Залалды өтеу құрамдасы кейіннен базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалық тобы бойынша танылған залал құрамдасының азаюына сәйкес нөлге шектеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – GMM жалпы бағалау моделі (жалғасы)

Залал құрамбөлігі (жалғасы)

Залалды өтеу құрамдасының баланстық құны Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобының есебінен өтеуді күтетін ауыртпалықты базалық сақтандыру шарттары тобы бойынша залал құрамдасының баланстық құнының бір бөлігінен аспауға тиіс.

Қаржылық табыстар және сақтандыру бойынша шығыстар

Қаржылық табыстар немесе сақтандыру бойынша шығыстар сақтандыру шарттары портфелінің баланстық құнының нәтижесінде туындайтын өзгерістерді білдіреді:

- ақшаның уақытша құнының әсері және ақшаның уақытша құнының өзгеруі; және
- қаржылық тәуекелдің әсері және қаржылық тәуекелдің өзгеруі.

Компания өмірді сақтандыру шарттары мен пайда немесе залал мен ӨЖД арасындағы жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттары бойынша қаржылық табыстар мен шығыстарды бөледі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өзгерістерінің әсері қаржылық активтер мен сақтандыру бойынша активтер мен міндеттемелер арасындағы бухгалтерлік есептегі сәйкессіздіктерді азайту мақсатында ӨЖД-да көрсетіледі. Жоғарыда аталған сақтандыру портфельдерін қамтамасыз ететін Компанияның қаржылық активтері негізінен пайда немесе залал арқылы бағаланады.

Компания пайда немесе залалға шарттар портфелінің қолданылу мерзімі ішінде күтілетін қаржылық кірістер мен сақтандыру шығындарын жүйелі түрде жатқызады.

Сақтандыру шарттарының портфелі берілген немесе сақтандыру шартын тану тоқтатылған жағдайда, Компания бұрын басқа жиынтық табыстың құрамында танылған топ (немесе шарт) бойынша қалған кез келген соманы қайта жіктеу түзетуі ретінде сақтандыру бойынша қаржылық табыстарды немесе шығыстарды пайда немесе залал құрамына қайта жіктейді.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша кірістер мен шығыстар

Компания пайда мен залал және басқа жиынтық табыс туралы есептің бір жолында қайта сақтандырушылар өтейді деп күтілетін сомаларды және төленген қайта сақтандыру сыйлықақыларын бөлуді ұсынады. Компания базалық шарттар бойынша талаптарға тәуелді қайта сақтандырудан түсетін ақша ағындарын жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес өтеледі деп күтілетін талаптардың бір бөлігі ретінде қарастырады және инвестициялық құрамдас бөліктерді пайда мен залал туралы есепте және өзге де жиынтық табыс туралы есепте ұсынылған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақыларды бөлуден алып тастайды.

Шарттарды бағалау – Premium Allocation Approach (бұдан әрі - "РАА") сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл

Компания РАА-ны сақтандыру шарттарын және оларға сәйкес келетін қайта сақтандыру шарттарын бағалау үшін қолданады, себебі:

- топтағы әрбір шарттың қолданылу кезеңі сақтандыру шарттарының аясында барлық сыйлықақылармен байланысты сақтандыру шарты бойынша қызметтерді қоса алғанда, бір жыл немесе одан аз мезімді құрайды; немесе
- бір жылдан астам мерзімге жасалған шарттар үшін Компания болашақ мүмкін сценарийлерді модельдеді және РАА моделі бойынша осы шарттарды қамтитын топ үшін қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттемені бағалау жалпы модельді қолдану арқылы жасалатын бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейді деп негізді түрде күтеді. Маңыздылықты бағалау кезінде Компания тәуекел сипаты және қызмет бағыттарының түрлері сияқты сапалық факторларды да ескерді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – РАА сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл (жалғасы)

Егер шарттар тобы жасалған сәтте шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының айтарлықтай өзгергіштігі күтілсе, Компания РАА-ны қолданбайды, бұл талап туындағанға дейінгі кезең ішінде өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені бағалауға әсер етеді. Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының өзгергіштігі мына кезде артады, мысалы:

- осы шарттарға енгізілген кез келген туынды құралдармен байланысты болашақ ақша ағындарының көлемін ұлғайту;
- шарттар тобы бойынша қамту кезеңінің ұзақтығын ұлғайту.

Бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайтын шарттар тобы үшін Компания өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені келесідей бағалайды:

- бастапқы тану сәтінде, олар болған кезде алынған сыйлықақылар;
- бір жылдан кем өтеу кезеңі бар сақтандыру шарттарынан басқа, осы күнге аквизициялық ақша ағындарын шегеру - мұндай шарттар бойынша шығыстар олар келтірілген сәтте танылады;
- сақтандыру шарттарының тобы танылған сәтке дейін активтер немесе міндеттемелер ретінде танылған ақша ағындарын осы күнге тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген соманы қосу немесе алып тастау.

Сақтандыру шарттары үшін ақшаның уақытша құны өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені есептеу кезінде ескерілмейді, себебі қызметтерді көрсету сақтандыру кезеңінің ішінде сақтандыру сыйлықақыларын алумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Фактілер мен мән-жайлар шарттардың бастапқы тану кезінде ауыртпалықты болып табылатынын көрсеткен жағдайларда, Компания шарт бойынша қаражаттың таза жылыстауы күтілетінін анықтау үшін қосымша талдау жүргізеді. Мұндай ауыртпалықты шарттар басқа шарттардан бөлек топтастырылады және Компания кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы таза жылыстау мөлшеріндегі залалды таниды, нәтижесінде топ үшін міндеттеменің баланстық құны оны орындаудан түскен ақша ағындарына тең болады. Қаражаттың таза жылыстауы мөлшеріндегі мұндай залал өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамындағы залалдың құрамдас бөлігі болып табылады. 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда ауыртпалық сақтандыру шарттары болмады.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары - бастапқы тану

Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы үшін өзінің қайта сақтандыру активтерін өзі жасасатын сақтандыру шарттарымен бірдей негізде бағалайды. Бұл ретте есеп жасалған сақтандыру шарттарынан ерекшеленетін жасалған қайта сақтандыру шарттарының ерекшеліктерін көрсетуге бейімделген, мысалы, түсім емес, қайта сақтандыру бойынша шығыстардың туындауы немесе азаюы.

Егер Компания базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалықты тобын бастапқы тану кезінде залалды мойындаса немесе топқа қосымша ауыртпалықты базалық сақтандыру шарттары қосылған кезде, Компания залалды өтеу үшін ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша қамтудың қалған бөлігі бойынша активтегі залалды өтеу құрамдасын таниды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – РАА сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл (жалғасы)

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары - бастапқы тану (жалғасы)

Компания базалық сақтандыру шарттары бойынша танылған залал құрамдасын Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша өтеуді күтетін базалық сақтандыру шарттары бойынша талаптардың пайызына көбейту арқылы шығынды өтеу құрамдасын бағалайды. Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы жабатын сақтандыру шарттарына жататын тікелей сақтандыру шарттары тобы бойынша танылған залалдың бөлігін анықтау үшін жүйелі және ұтымды әдісті пайдаланады. Залалды өтеу құрамдасы өтеудің қалған бөлігі бойынша активтің баланстық құнын түзетеді.

Сақтандыру шарттары - кейіннен тану

Компания әрбір есепті кезеңнің соңындағы өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттеменің баланстық құнын кезеңнің басындағы өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттеме ретінде бағалайды:

- плюс осы кезеңде алынған сыйлықақылар;
- Компания төлем деректерін шығыстар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, аквизициялық ақша ағындарын шегеру;
- плюс есепті кезеңдегі шығыстар ретінде танылған аквизициялық ақша ағындарының амортизациясына байланысты кез келген сомалар; Компания аквизициялық ақша ағындарын шығыстар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда;
- осы кезеңде қызмет көрсету салдарынан сақтандыру бойынша түсім ретінде танылған соманы шегеру.

Компания туындаған талаптарға байланысты міндеттемелерді орындаудан түскен ақша ағындары сомасында туындаған талаптар бойынша міндеттемелерді бағалайды. Орындаудың ақша ағындары осы болашақ ақша ағындарының мөлшері, мерзімі және белгісіздігі туралы шамадан тыс шығындарсыз немесе күшсіз қолжетімді барлық ақылға қонымды және негізделген ақпаратты қамтиды. Олар Компанияның көзқарасы бойынша бейтарап ағымдағы бағалауларды көрсетеді және қаржылық емес тәуекелге тәуекелшіл түзетуді қамтиды. Компания сақтандыру шарттары бойынша туындаған талаптар жөніндегі міндеттемелерді бағалау кезінде ақшаның уақытша құнының және қаржылық тәуекелдің әсерін ескермейді, себебі туындаған талаптар бойынша ағындар олар пайда болған сәттен бастап бір жыл ішінде төленеді деп күтеді.

Егер сақтандыру өтемінің қолданылу кезеңі ішінде фактілер мен мән-жайлар сақтандыру шарттары тобының ауыртпалықты екенін көрсетсе, Компания пайда немесе залал құрамындағы таза жылыстаудан болған залалды таниды, нәтижесінде топ бойынша міндеттеменің баланстық құны орындаудан түскен ақша ағындарына тең болады. Залал құрамын Компания осындай ауыртпалықты топ үшін өтемнің қалған бөлігі бойынша міндеттеме құрамында танылған залалдарды көрсете отырып таниды.

Бір жылдан астам өтеу мерзімі бар сақтандыру шарттарының топтары бойынша аквизициялық ақша ағындары пайда немесе залал құрамында (сақтандыру кірісі арқылы) сақтандыру сыйлықақысының бөлігі ретінде біркелкі бөлінеді.

Жасалған ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын кейіннен бағалау жасалған сақтандыру шарттары үшін қолданылатын қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте есеп жасалған қайта сақтандырудың ерекшелігін ескере отырып бейімделеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – РАА сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл (жалғасы)

Сақтандыру шарттары - кейіннен тану (жалғасы)

Егер Компания залалды өтеу құрамдасын таныса, Компания кейіннен ауыртпалықты базалық сақтандыру шарттары тобы бойынша залал құрамдасының азаюына сәйкес шығынды өтеу құрамдасын нөлге дейін азайтады. Залалды өтеу құрамдасы базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалық тобының залал құрамдасының баланстық құнының Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобының есебінен өтеуді күтетін бөлігінен аспауға тиіс.

Аквизициялық ақша ағындары

Аквизициялық ақша ағындары - бұл сату, андеррайтинг және сақтандыру шарттарының тобын құру (шығарылған немесе шығарылуы күтілетін) шығындарымен негізделген ақша ағындары, олар осы топқа жататын сақтандыру шарттарының портфелімен тікелей байланысты.

Компания олардың туындауы бойынша аквизициялық ақша ағындарын ескеруді таңдаған бір жылдан аз сақтандыру шарттарының топтарын қоспағанда, Компания бөлудің жүйелі және ұтымды әдісін қолданады:

- сақтандыру шарттарының тобына тікелей жататын аквизициялық ақша ағындары;
- осы топқа; және
- аталған топқа кіретін сақтандыру шарттарын жаңарту нәтижесінде пайда болуы күтілетін сақтандыру шарттарын қамтитын топтарға;
- сақтандыру шарттарының портфеліне тікелей қатысты және жоғарыдағы тармақтада көрсетілгендерден ерекшеленетін аквизициялық ақша ағындары - осы портфельдегі шарт топтарына.

Егер аквизициялық ақша ағындары сақтандыру шарттарының байланысты тобы танылғанға дейін төленсе немесе келтірілсе, әрбір байланысты топ үшін аквизициялық ақша ағындарын көрсететін жеке актив танылады.

Аквизициялық ақша ағындары түрінде активті тану аквизициялық ақша ағындары сақтандыру шарттарының байланысты тобының бастапқы бағалауына енгізілген кезде тоқтатылады. Компания осы активті аквизициялық ақша ағындары түрінде тануды тоқтатуды күтетін уақыт шеңбері.

Әрбір есепті кезеңнің соңында Компания пайдаланылатын бөлу әдісімен байланысты жорамалдардағы өзгерістерді көрсету үшін шарттар тобы бастапқы танылған сәтке дейін сақтандыру шарттарының топтары бойынша бөлінген аквизициялық ақша ағындарының сомаларын талдайды.

Кез келген қайта бөлуден кейін Компания егер фактілер мен жағдайлар активтің ықтимал құнсыздануын көрсетсе, акционерлік ақша ағындары бойынша активті өтеу мүмкіндігін бағалайды. Өтеу мүмкіндігін бағалау кезінде Компания:

- сақтандыру шарттарының қолданыстағы немесе болашақ тобы деңгейіндегі құнсыздану тестін; және
- шарттардың күтілетін болашақ жаңартуларға бөлінген аквизициялық ақша ағындарын нақты қамтитын құнсыздануға қосымша тест.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – РАА сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл (жалғасы)

Аквизициялық ақша ағындары (жалғасы)

Құнсызданудан болған залал танылған жағдайда активтің баланстық құны түзетіледі және құнсызданудан болған залал кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Компания пайданың немесе залалдың бір бөлігі ретінде құнсызданудан бұрын танылған залалдың бір бөлігін немесе барлығын қалпына келтіруді таниды және құнсыздану шарттары жоқ немесе жақсарған шамада активтің баланстық құнын арттырады.

Сақтандыру шарттары - тануды түрлендіру және тоқтату

Компания мынадай жағдайда сақтандыру шарттарын тануды тоқтатады:

- шарт бойынша құқықтар мен міндеттер өтелсе (яғни мерзімі өткеннен кейін тоқтатылса, орындалса немесе жойылса); немесе
- шарт түрленім міндеттемелерді бағалау моделінің немесе шарт құрамластарын бағалау үшін қолданылатын стандарттың өзгеруіне әкелетіндей етіп түрлендіріледі. Мұндай жағдайларда Компания бастапқы шартты тануды тоқтатады және түрлендірілген шартты жаңадан жасалған ретінде таниды.

Шартты түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмесе, Компания шарттың өзгеруіне байланысты төленген немесе алынған сомаларды өтеудің қалған бөлігі бойынша тиісті міндеттемені түзету ретінде таниды.

Сақтандыру бойынша түсім

Компания сақтандыру шарты бойынша қызмет көрсетудің әрбір кезеңіне күтілетін сақтандыру сыйлықақыларының түсімдерін уақыттың өтуіне қарай бөледі. Бірақ егер өтеу кезеңінде тәуекелді босатудың күтілетін схемасы уақыттың өтуін көрсететін схемадан айтарлықтай өзгеше болса, онда бөлу сақтандыру қызметтері бойынша жұмсалған шығыстарды танудың күтілетін мерзімдері негізінде жүргізіледі.

Компания фактілер мен жағдайлар өзгерген жағдайда қажет болған жағдайда жоғарыда аталған екі әдіс арасындағы бөлу негізін өзгертеді. Бұл өзгеріс бухгалтерлік бағалаудың өзгеруі ретінде перспективалы түрде ескеріледі.

Ұсынылған кезеңдерде барлық кірістер уақыт өте келе танылды.

Залал құрамдасы

Компания фактілер мен мән-жайлар басқаша көрсететін жағдайларды қоспағанда, портфельде бастапқы тану кезінде ауыртпалықты шарттар жоқ деген жорамалға сүйенеді. Олай болмаған жағдайларда және егер өтеу әрекетінің кезеңінде қандай да бір сәтте фактілер мен мән-жайлар сақтандыру шарты тобының ауыртпалықты болып табылатынын көрсетсе, Компания залалдың құрамдас бөлігін де таниды.

Компания фактілер мен мән-жайлар басқаша көрсететін жағдайларды қоспағанда, портфельде бастапқы тану кезінде ауыртпалықты шарттар жоқ деген жорамалға сүйенеді. Олай болмаған жағдайларда және егер өтеу әрекетінің кезеңінде қандай да бір сәтте фактілер мен мән-жайлар сақтандыру шарты тобының ауыртпалықты болып табылатынын көрсетсе, Компания залалдың құрамдас бөлігін де таниды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын есепке алу тәртібі (жалғасы)

Шарттарды бағалау – РАА сыйлықақысын бөлу негізіндегі тәсіл (жалғасы)

Залал құрамбөлігі (жалғасы)

Егер Компания базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалық тобын бастапқы тану кезінде залалды таныса немесе топқа қосымша ауыртпалық базалық сақтандыру шарттары қосылған кезде, Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы бойынша өтеудің қалған бөлігі бойынша актив құрамындағы залалды өтеу құрамдасын таниды, бұл күтілетін залалды өтеуді көрсетеді.

Залалды өтеу құрамдасы кейіннен базалық сақтандыру шарттарының ауыртпалық тобы бойынша танылған залал құрамдасының азаюына сәйкес нөлге шектеледі. Залалды өтеу құрамдасының баланстық құны Компания ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобының есебінен өтеуді күтетін ауыртпалықты базалық сақтандыру шарттары тобы бойынша залал құрамдасының баланстық құнының бір бөлігінен аспауға тиіс.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша кірістер мен шығыстар

Компания пайда мен залал туралы есептің бір жолында қайта сақтандырушылар өтейді деп күтілетін сомаларды және төленген қайта сақтандыру сыйлықақыларын бөлуді ұсынады. Компания базалық шарттар бойынша талаптарға тәуелді қайта сақтандырудан түсетін ақша ағындарын жасалған қайта сақтандыру шартына сәйкес өтеледі деп күтілетін талаптардың бір бөлігі ретінде қарастырады және инвестициялық құрамдас бөліктерді пайда мен залал туралы есепте ұсынылған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақыларды бөлуден алып тастайды.

Есептілікте ұсыну

Компания қаржылық жағдай туралы есепте міндеттемелер болып табылатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының активтері мен портфельдері болып табылатын сақтандыру шарттары портфельдерінің баланстық құнын бөлек ұсынады.

Компания акизициялық ақша ағындарына қатысты танылған барлық активтерді шығарылған сақтандыру шарттарының тиісті портфельдерінің баланстық құнын есептеуге және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдерімен байланысты ақша ағындарына қатысты барлық активтерді немесе міндеттемелерді ұсталатын қайта сақтандыру шарттары портфельдерінің баланстық құнының есебіне кіргізеді.

Компания пайда немесе залал туралы есепте танылған сомаларды сақтандыру бойынша табыстар мен шығыстарды, сондай-ақ қаржылық кірістерді немесе сақтандыру бойынша шығыстарды қамтитын сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесіне бөледі.

Компания сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесіне қатысты сомаға қаржылық емес тәуекелге тәуекелшіл түзетудің өзгеру шамасын және қаржылық кірістерге немесе сақтандыру бойынша шығыстарға қатысты соманы бөлшектейді, қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеруінің барлық шамасын сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесінің бөлігі ретінде ескереді.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша кірістер немесе шығыстар сақтандыру шарттары бойынша кірістерден немесе шығыстардан бөлек ұсынылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Шартты активтер және міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте танылмайды, бірақ егер экономикалық пайда әкелетін ресурстардың жылыстауы екіталай болса, қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бірақ экономикалық пайда алу ықтимал болған жағдайларда ашылады.

Таза пайыздық табыс

Таза пайыздық табысқа мыналар кіреді:

- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша табыстар;
- кері репо келісімдері бойынша табыстар;
- амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін жалдау бойынша табыстар;
- амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін РЕПО операциялары бойынша табыстар.

Инвестициялық табыс

Инвестициялық табысқа мыналар кіреді:

- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерін сатудан түскен сатылған табыстар мен залал, нетто;
- ПЗӨҚ ретінде жіктелген үлестік құралдар бойынша алынған дивидендтер ;
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтерін қайта бағалаудан іске асырылмаған кірістер мен залал, нетто;

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Қаржылық жағдай туралы есеп (түзетуші оқиғалары) жасалған күнгі компанияның жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін жыл аяқталғаннан кейін болған оқиғалар қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар, егер олар елеулі болса, ескертулерде ашып көрсетіледі.

Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

"Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу" ХБЕС (IAS) 24-ке сәйкес Компания байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын, сондай-ақ қаржылық есептілікке осы өзара қатынастардың әлеуетті әсерін түсіну үшін қажет осы операциялар мен өтелмеген өзара есеп айырысулардың қалдығы туралы ақпаратты ашады.

Осы қаржылық есептілікте бір тараптың операциялық және қаржылық шешімдеріне елеулі ықпал етуді бақылау немесе жүзеге асыру мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп есептеледі. Тараптардың байланысты болып табылатыны туралы мәселені шешкен кезде олардың заңдық нысаны ғана емес, тараптардың қарым-қатынастарының мазмұны назарға алынады.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау Компания басшылығының активтер мен міндеттемелердің есепке алынған сомаларына әсер ететін пайымдаулар мен субъективті бағалаулар мен жорамалдарды дайындауды және қаржылық есептіліктің есепті күніне әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты және есепті кезең ішінде кірістер мен шығыстардың есепке алынған сомаларын ашуды көздейді. Бағалау тарихи білімге және басқа да маңызды факторларға негізделгенімен, оқиғалар немесе әрекеттер нақты нәтижелер осы пайымдаулардан өзгеше болатындай етіп қалыптасуы мүмкін.

Келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын материалдық түзетудің елеулі тәуекелін көтеретін есепті күнге белгісіздікті бағалаудың болашақ және өзге де негізгі дереккөздері бойынша түйінді жорамалдар төменде келтірілген:

Компанияның есеп саясатының ережелерін қолдану барысында басшылық басқа дереккөздерден көрінбейтін активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты болжамдар, бағалаулар мен жорамалдар жасауы керек. Бағалау мәндері және олардың негізінде жатқан жорамалдар өткен тәжірибеге және нақты жағдайларда орынды деп саналатын басқа факторларға сүйене отырып қалыптасады. Іс-жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан өзгешеленуі мүмкін.

Кәсіби қызметтер	364,417	185,929
Шаруашылық және кеңсе шығындары	223,631	52,897
"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" АҚ-на төлемдер	195,085	–
Операциялық жалдау бойынша шығындар	82,956	147,597
Басқасы	329,789	386,786
	4,740,878	3,931,243

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы ХҚЕС стандарттарына сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінің аудиті бойынша қызметтердің құны 25,200 мың теңгені құрады (2023 жылы: 18,247 мың теңге).

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

18. САЛЫҚ САЛУ

Салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізілетін және есептелетін салық есебіне негізделеді. Компания ҚЕХС (IFRS) 17 талаптарын сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының бухгалтерлік есебіне және ХҚЕС (IFRS) 4 талаптарын салық есебіне қолданады.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасы активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен қаржылық есептілікте ескерілген сомалар арасындағы уақытша айырмашылықтарға белгіленген салық мөлшерлемесінің тиісті теңгерімін қолдану жолымен есептелген. 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдайдағы уақытша айырмашылықтар негізінен кірістер мен шығыстарды есепке алудың әртүрлі әдістерімен, сондай-ақ кейбір активтердің есептік құнымен байланысты.

Мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы	678	—
Өткен жылдардағы түзету	—	950,828
Пайда немесе залал туралы есепте танылған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығын өзгерту	(91,553)	(32,409)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (үнемдеу) / шығындар	(90,875)	918,419

Төменде қоса беріліп отырған қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығына дейінгі табысқа 20% ресми салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды қаржылық есептілікте ескерілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға келтіру үшін жүргізілген есеп берілген:

Мың теңге	2024 жыл	2023 жыл
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда / (залал)	1,846,570	360,940
Нормативтік мөлшерлеме	20%	20%
Корпоративтік табыс салығы бойынша есептік шығыс/ (үнемдеу)	369,314	72,188
ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың әсері	(692,098)	366,210
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын табыстар	(236,326)	(329,558)
Дивидендтер бойынша салық салынбайтын табыстар	(231,412)	(131,490)
Өткен жылдардағы түзету	—	950,828
Инвестициялық бағалы қағазды қайта бағалаудан болған залал	352,078	—
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	370,097	207,381
Өзге тұрақты айырмалар	(22,528)	(217,140)
Корпоративтік табыс салығы бойынша (үнемдеу) / шығындар	(90,875)	918,419

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

18. САЛЫҚ САЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған салық активтері, есебіне актив пайдаланылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданың қол жетімді болу ықтималдығы бар көлемде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салықтық үнемдеудің жүзеге асырылу ықтималдығы жоқ көлемде азаяды.

Активтер мен міндеттемелерге салық салу базасы мен қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар арасындағы уақытша айырмашылықтарға қаржылық жағдай туралы есепті жасау күндерінде қолданылатын салықтардың нормативтік мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салықтардың сальдосы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мыналарды қамтиды:

Мың теңге	31 желтоқсан 2024 жыл	Пайда немесе залал туралы есепте танылған өзгерістер	Өзге жиынтық табыс туралы есепте танылған өзгерістер	2023 жылғы 31 желтоқсан	Пайда немесе залал туралы есепте танылған өзгерістер	Өзге жиынтық табыс туралы есепте танылған өзгерістер	31 желтоқсан 2022 жыл
Шегерілетін уақытша айырмалар							
Көшірілетін залалдар	824,022	370,097	—	453,925	207,381	—	246,544
Басқа міндеттемелер	77,000	—	—	77,000	77,000	—	—
Пайдаланылмаған демалыстары мен жылдық сыйлықақылар бойынша есептелген шығындар	36,184	22,166	—	14,018	(5,413)	—	19,431
Төленетін салықтар	14,668	8,522	—	6,146	159	—	5,987
Басқасы	1,417	475	—	942	(1,646)	—	2,588
	953,291	401,260	—	552,031	277,481	—	274,550
Минус: кейінге қалдырылған салық бойынша мойындалмаған активтер	(824,022)	(370,097)	—	(453,925)	(207,381)	—	(246,544)
	129,269	31,163	—	98,106	70,100	—	28,006
Салық салынатын уақытша айырмалар							
Негізгі құралдар, бейматериалдық активтер	(110,702)	60,390	(18,093)	(152,999)	(37,691)	47,833	(163,141)
	(110,702)	60,390	(18,093)	(152,999)	(37,691)	47,833	(163,141)
Таза кейінге қалдырылған салық активтері / (міндеттемелер)	18,567	91,553	(18,093)	(54,893)	32,409	47,833	(135,135)

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптарға құрылтайшылар, жалпы бақылаудағы тараптар, Компанияның негізгі басқару персоналы, сондай-ақ қатысудың едәуір бөлігі тікелей немесе жанама түрде Компанияның негізгі басқару персоналына және / немесе құрылтайшыларына тиесілі ұйымдар кіреді.

Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары

Байланысты тараптар немесе байланысты тараптармен операциялар ХБЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» берілген анықтамаға сәйкес төменде келтірілген. Өзге байланысты тараптар Компанияның бақылаушы акционерінің меншік үлесі бар ұйымдармен ұсынылған. Байланысты тараптар арасындағы қатынастардың болуы мүмкін екендігін қарастырған кезде, олардың заңды рәсімделуіне ғана емес, қарым-қатынастың мәніне назар аударылады.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша байланысты тараптармен байланысты негізгі қалдықтар төменде ұсынылған:

Мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша барлығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша барлығы
Ақша қаражаты және олардың баламалары	3,289	8,491,166	3,869	3,511,615
- Өзге де байланысты тараптар	3,289		3,869	
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	1,053,205	27,210,392	2,613,655	18,217,072
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	1,053,205		2,613,655	
Басқа активтер	120	463,426	352	1,445,765
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	110		—	
- Өзге де байланысты тараптар	10		352	
Басқа міндеттемелер	84,851	979,342	4,613	1,194,328
- Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері	72,655		—	
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	2,111		—	
- Өзге де байланысты тараптар	10,085		4,613	

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

19. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы байланысты тараптармен жасалған негізгі мәмілелер төменде ұсынылған:

Мың теңге	2024 жыл		2023 жыл	
	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша барлығы	Байланысты тараптармен жасалатын операциялар	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес санат бойынша барлығы
Сақтандыру бойынша түсім	—	5,677,130	8,495	2,731,124
- Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері	—	—	7,769	—
- Өзге де байланысты тараптар	—	—	726	—
Сақтандыру шығындары	(76)	(2,594,933)	(40)	(1,182,482)
- Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері	—	—	(40)	—
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	(76)	—	—	—
Инвестициялық табыс	(851,814)	4,192,209	990,556	4,129,240
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	(851,814)	—	990,556	—
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда / (шығын), нетто	—	961,886	(107)	(237,555)
- Өзге де байланысты тараптар	—	—	(107)	—
Әкімшілік және операциялық шығындар	(618,640)	(4,740,878)	(397,684)	(3,931,243)
- Компанияның негізгі басқарушы қызметкерлері	(580,066)	—	(289,449)	—
- Жалпы бақылаудағы Компаниялар	(38,574)	—	—	—
- Өзге де байланысты тараптар	—	—	(108,235)	—

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша негізгі басқарушы қызметкерлер 16 адамнан тұрды (2023 жылы: 10 адам) және оның құрамына басқарма төрағасы, басқарма төрағасының бірінші орынбасары, басқарма төрағасының қаржы жөніндегі орынбасарлары, басқарушы директор – басқарма мүшесі, директорлар кеңесінің мүшелері, директорлар кеңесінің төрағасы кірді. Негізгі персоналдың жалақысы және басқа төлемдері Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес ағымдағы жалақы төлемдері және басқа қысқа мерзімді төлемдер болып табылады.

20. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстан Республикасының Үкіметі нарықтық экономикаға көшу барысында іскерлік және коммерциялық инфрақұрылымды реформалауды жалғастырады. Нәтижесінде Компанияның қызметін реттейтін заңдар мен ережелер тез өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер қанағаттанарлықсыз баяндаумен, әртүрлі интерпретациялардың болуымен және билік органдарының еркін қолдануымен сипатталады.

Атап айтқанда, салықтарды заң бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқығы бар бірнеше орган тексереді. Қазақстандағы ережелерге сілтеменің болмауы ережелердің айқындылығы мен тұтастығының болмауына әкеледі. Үкіметтік органдардағы және компаниялар мен үкіметтік органдар арасындағы заң тұрғысынан түсіндірулердегі жиі кездесетін қайшылықтар белгісіздік пен тартыстарды тудырады. Бұл фактілер Қазақстанда салықтық тәуекелдерді салық жүйелері неғұрлым дамыған елдермен салыстырғанда анағұрлым елеулі етеді.

Салық органдарының салық салу базасы айқындалған және салық сомасы есептелген кезең аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде салық жазбаларын тексеруге құқығы бар. Демек, Компанияға салықтық тексерулер нәтижесінде қосымша салық міндеттемелері есептелуі мүмкін. Компания басшылығы салық заңнамасы туралы түсінігі негізінде барлық салық міндеттемелерін барабар көрсетті деп санайды.

20. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметі жүзеге асырылатын орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы елдерге тән ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Өзгелердің қатарында, мұндай тән ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталатын ұлттық валютаның болмауы және нарықтағы қарыздық және үлестік бағалы қағаздар өтімділігінің төмен деңгейі жатады.

Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компанияның бақылау саласынан тыс құқықтық, реттеуші және саяси жүйелердің дамуына айтарлықтай дәрежеде байланысты болады.

Компанияның қаржылық жағдайы мен болашақ қызметі дамушы елге тән экономикалық проблемалардың жалғасуына байланысты нашарлауы мүмкін. Басшылық экономикалық қиындықтардың дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе орын алған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсерін бағалай алмайды.

Компания басшылығы бұл жағдайда Компанияның экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды деп санайды. Алайда, жоғарыда сипатталған салалардағы жағдайдың одан әрі нашарлауы Компанияның нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта бұл әсердің нақты қандай болатынын анықтау мүмкін емес.

2024 және 2023 жылдар ішінде Компания ҚРҚНР белгілеген қағидаларға сәйкес барлық сыртқы капитал талаптарын сақтады.

Сот процестері және талап-арыздары

Әдеттегі шаруашылық қызметі барысында Компания әртүрлі сот процестері мен талаптардың объектісі болуы мүмкін. Компания нақты жағдайларды ескере отырып, елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығын бағалайды және міндеттемелерді реттеу үшін ресурстардың жылыстауы талап етілуі мүмкін және міндеттеме сомасы жеткілікті сенімділікпен өлшенуі мүмкін болғанда ғана қаржылық есептілікте тиісті резервті көрсетеді.

Компания басшылығы нақты міндеттемелер, егер олар орын алса, Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді деп санайды. Осы себепті, сот ісін жүргізу резервін қоспағанда, осы қаржылық есептілікте резервтер құрылмады.

2016 жылғы 10 қарашада Сақтандыру компаниясы мен "Жібек Жолы кеден-брокерлік орталығы" ЖШС арасында кеден өкілінің қызметін жүзеге асыру кезінде кеден органдары алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарты жасалды.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша сақтандыру объектісі Сақтандырушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кеден өкілінің қызметін жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік декларациялау жөніндегі қызметтер көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүлктік мүдделері болып табылады.

20. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Сот процестері және талап-арыздары (жалғасы)

Бір мезгілде орындалуы тиіс бағалау міндеттемесін танудың негізгі критерийлерін айқындай отырып, Компания басшылығы, атап айтқанда: есепті күнге өткеннің (міндеттейтін оқиға) нәтижесінде туындаған міндеттеме бар; міндеттемені реттеу үшін экономикалық пайдасы бар ресурстардың жылыстауы талап етілетін сот талқылауының оң нәтижесінің ықтималдылық дәрежесі; міндеттеменің шамасы сенімді бағаланады және елеулі болып табылады, алдағы сот шығындары бойынша резерв құру туралы шешім қабылдады.

Қазіргі уақытта Компания сот органдары істі қарау кезінде материалдық құқық нормаларын және оларды қолданудағы біркелкілікті бұзды, бұл заңсыз шешім шығаруға әкелді деп есептей отырып, сот талқылау сатысында тұр.

Қоршаған ортаны қорғау

Басшылық Компания Қазақстан Республикасының Қоршаған орта мәселелеріне қатысты талаптарын сақтайды және олар бойынша елеулі міндеттемелері жоқ деп есептейді. Компания бұл қаржылық есептілікте ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтерді көрсетпеді.

Сақтандыру

Компания жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандырады. Компания сақтандырылмаған немесе толық сақтандырылмаған активтер мен операцияларға қатысты шығындар тәуекелдерін дербес көтереді.

Инвестициялық сипаттағы шарттар

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда инвестициялық сипаттағы шарттар жоқ.

Қаржылық тәуекелдерді басқару және саясат мақсаттары

Тәуекелдерді басқару сақтандыру қызметінде өте маңызды және Компания қызметінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Компания қызметіне тән негізгі тәуекелдер сақтандыру тәуекелі, несиелік тәуекел, сыйақы мөлшерлемелері мен валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел және өтімділік тәуекелі болып табылады. Төменде Компанияның осы тәуекелдерді басқаруға қатысты саясатының сипаттамасы берілген.

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Сақтандыру жөніндегі саясат

Компания сақтандыру бойынша басшылық пен лимиттерді белгілейді, олар кімнің және қандай тәуекелді қабылдай алатынын және қанша сомаға дейін келіседі. Бұл лимиттерді мониторингтеу тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Компанияның сақтандыру жөніндегі қызметі Қазақстанның бүкіл аумағына таралады. Географиялық шоғырлануға қатысты қайта сақтандыру бойынша Компанияның портфелі әртарапталдырылған болып табылады.

Қайта сақтандыру

Әдеттегі қызмет барысында Компания қазақстандық және шетелдік қайта сақтандырушылармен қайта сақтандырудың облигациялық және факультативтік келісімдерін жасасады. Қайта сақтандыру келісімшарттары Компанияны сақтанушылар алдындағы міндеттемелерінен босатпайды. Компания өзінің қайта сақтандырушыларының қаржылық жағдайын бағалайды және қайта сақтандырушының төлем қабілетсіздігі салдарынан елеулі залалдардың тәуекелін азайту мақсатында қайта сақтандырушылардың ұқсас

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

географиялық аймақтары, қызметі немесе экономикалық сипаттамалары бойынша туындайтын кредиттік тәуекелдің шоғырлануын қадағалайды.

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Инвестициялық тәуекелдер

Компанияның инвестициялық саясаты белгілі бір уақытта кіріс деңгейіне және қабылданған тәуекел деңгейіне негізделген бірнеше принциптерді ұстанады. Қазақстандық сақтандыру компанияларының қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатаң қадағалауында болады және Компанияға капитал нарығында кәсіби қатысушы ретінде жұмыс істеуге рұқсат етілмейді, сондықтан брокерлік компания Компанияның атынан инвестициялық операцияларды орындайды.

Компанияның инвестициялық портфелі кірістілік нормаларына, өтеу мерзімдеріне және инвестициялардың тәуекел деңгейіне сәйкес таңдалған қаржы құралдарынан тұрады. Осылайша құрылған инвестициялық портфель инвестициялау кезеңінде біркелкі кірісті қамтамасыз етеді. Инвестициялық кіріс әдетте инвестициялық портфельдің көлемін ұлғайту үшін қайта инвестицияланады.

Сақтандыру тәуекелі

Компания өмірді сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының мынадай түрлерін жасайды: өмір бойы аннуитеттік төлемдермен шарттар және сатып алу сомасын төлеумен өмірді мерзімді сақтандыру шарттары. Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру бойынша Компания жазатайым оқиғалардан және ерікті медициналық сақтандырудан сақтандыру шарттарын жасасады.

Өмірді сақтандыру шарттарын жасасу кезінде компанияның негізгі тәуекелдері:

- өлім тәуекелі – сақтандырушылардың нақты өлімі күтілетіннен өзгеше болудан туындайтын залалдар тәуекелі;
- ауруға шалдығу тәуекелі – сақтандырушылардың нақты денсаулық жағдайы күтілетіннен өзгеше болудан туындайтын залалдар тәуекелі;
- ұзақ мерзім өмір сүру тәуекелі – аннуитет алушының күтілгеннен ұзағырақ өмір сүруінен туындайтын залалдар тәуекелі;
- шығындар тәуекелі - нақты шығындардың күтілгеннен өзгеше болуынан туындайтын залалдар тәуекелі;
- тоқтату тәуекелі - нақты тоқтату тәуекелі күтілгеннен өзгеше болуынан туындайтын тәуекел.

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттары бойынша ең маңызды тәуекелдер климаттың өзгеруімен, табиғи апаттармен және лаңкестік әрекеттермен байланысты. Сондай-ақ, бірнеше жыл ішінде шағымдарды реттеумен байланысты туындайтын инфляция тәуекелі бар.

Компанияның мақсаты жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарына байланысты міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті резервтердің болуын қамтамасыз ету болып табылады. Тәуекелге ұшырау сақтандыру шарттарының портфельдерін әртараптандыру есебінен, сондай-ақ андеррайтингтік саясаттың қағидаттары мен стратегиясын мұқият таңдау, тәуекелдердің жинақталуына жол бермеу және тәуекелдерді қайта сақтандыруға беру тетіктерін пайдалану есебінен азаяды. Бұдан басқа, тәуекелге ұшырауды азайту үшін Компания жаңадан мәлімделген және реттелмеген залалдарды қарау мен бағалаудың қатаң саясатын белгіледі, сондай-ақ залалдарды қарау рәсімдерінің сапасына тұрақты бақылау және ықтимал алаяқтық залалдарды мұқият тексеру жүргізіледі. Компания сонымен қатар бизнеске теріс әсер етуі мүмкін болжанбайтын болашақ оқиғаларға ұшырау қаупін азайту үшін белсенді басқару және шығындарды жедел реттеу саясатын қолданады. Инфляциялық тәуекел сақтандыру шартын жасасу кезінде және сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде күтілетін инфляцияны есепке алу есебінен төмендейді.

Компания сақтандыру тәуекелін төмендету үшін ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын жасасады. Ұсталатын қайта сақтандыру пропорционалды негізде орналастырылады. Пропорционалды қайта сақтандырудың көп бөлігі белгілі бір бизнес түрлері бойынша жалпы тәуекелге ұшырауды азайту үшін қолданылатын квоталық қайта сақтандыру болып табылады.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру тәуекелі (жалғасы)

Қайта сақтандырушылар өтейтін сомалар сақтандыру шарттары бойынша негізгі міндеттемелерге сәйкес және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының талаптарына сәйкес бағаланады. Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары жасалғанына қарамастан, Компания сақтандырушылар алдындағы міндеттемелерден босатылмайды және осылайша қандай да бір қайта сақтандырушы осындай қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындай алмайтындай дәрежеде берілген қайта сақтандыруға қатысты кредиттік тәуекел бар.

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары Компания бірде-бір қайта сақтандырушыға тәуелді болмайтындай және Компанияның қызметі ұсталатын қайта сақтандырудың бірде-бір шартына тәуелді болмайтындай етіп әртарапталдырылған.

Есепті күнге бір контрагентке тәуекел ұсталатын (берілген) қайта сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша активтердің жалпы сомасының 5%-нан аспайды.

Өлім немесе мүгедектік сақтандырылған тәуекел болып табылатын өмірді сақтандыру шарттары үшін талаптардың жалпы жиілігін арттыратын маңызды факторлар эпидемиялар, өмір салтының барлық жерде өзгеруі және күтілгеннен ертерек немесе одан да көп талаптарға әкелетін табиғи апаттар болып табылады.

Аннуитеттік төлемдер туралы келісімшарттар үшін талаптардың мөлшері мен жиілігін арттыратын ең маңызды фактор - өмір сүру ұзақтығын арттыра алатын медицина мен әлеуметтік жағдайлардың үнемі жақсаруы.

Компанияның сақтандыру тәуекелдеріне ұшырау сипаты және оның мақсаттары, тәуекелдерді басқару және өлшеу үшін қолданылатын саясат пен процестер алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша сезімталдықты талдау:

Мың теңге	Өзгеру, %	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
		Салық салуға дейінгі пайдаға ықпалы / капитал		Салық салуға дейінгі пайдаға ықпалы / капитал	
		Топтық сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	Нетто-қайта сақтандыру	Топтық сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	Нетто-қайта сақтандыру
Өлім ықтималдығы	+10%	(4,137)	(4,137)	(400)	(400)
	-10%	4,137	4,137	402	402
Өмір ұзақтығы ықтималдығы	+10%	4,137	4,137	9,367	9,367
	-10%	(4,137)	(4,137)	(9,185)	(9,185)
Болашақ кезеңдерге шығындар бойынша рұқсаттардың өзгеруі	+10%	1,946	1,946	(3,046)	(3,046)
	-10%	560	560	3,046	3,046
Токтату ықтималдығы	+10%	120,833	120,833	(59,732)	(59,732)
	-10%	(117,182)	(117,182)	40,989	40,989

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру тәуекелі (жалғасы)

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша сезімталдықты талдау:

Мың теңге	Өзгеру, %	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
		Салық салуға дейінгі пайдаға ықпалы / капитал	Топтық сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	Салық салуға дейінгі пайдаға ықпалы / капитал	Топтық сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер
Сақтандыру өтемақыларын төлеу бойынша орташа шығындардың өзгеруі	+10%	48,755	48,755	(25,974)	(25,974)
	-10%	(48,755)	(48,755)	25,974	25,974
Талаптардың орташа санының өзгеруі	+10%	48,755	48,755	(25,974)	(25,974)
	-10%	(48,755)	(48,755)	25,974	25,974
Талаптарды реттеудің орташа кезеңінің өзгеруі	+10%	23,495	23,495	703	703
	-10%	(66,950)	(66,950)	1,952	1,952

Туындаған талаптар бойынша міндеттеме жоғарыдағы кестеде көрсетілген негізгі рұқсаттарға сезімтал. Компания бағалау процесінде заңнамалық өзгерістер немесе белгісіздік сияқты кейбір болжамдардың сезімталдығының өзгеруіне сандық баға берген жоқ.

Сезімталдықты талдау барлық басқа болжамдар өзгермеген кезде негізгі болжамдардың негізді мүмкін болатын өзгерістері үшін салық салуға дейінгі пайда мен капиталға әсерін (жалпы және таза қайта сақтандыру) көрсетеді. Болжамдардың корреляциясы түпкілікті әсерді анықтауға айтарлықтай әсер етеді, бірақ әр болжамдағы өзгерістерге байланысты әсерді ашу үшін болжамдар жеке негізде өзгерді. Осы болжамдардың өзгеруі сызықтық емес екенін айта кеткен жөн. Сезімталдық туралы ақпарат ағымдағы экономикалық болжамдарға байланысты да өзгереді. Сезімталдық туралы ақпарат алу үшін қолданылатын әдіс және жасалған маңызды болжамдар алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Сезімталдық туралы ақпарат алу үшін қолданылатын әдіс және жасалған маңызды болжамдар алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының топтары бойынша талаптардың дамуын талдау – брутто-қайта сақтандыру

Мың теңге	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	Жиынтығы
Соңында туындаған талаптардың дисконтталмаған сомасын бағалау:					
2019 жыл	63,161	1,042,350	615,873	308,352	2,029,736
2020 жыл	38,375	1,005,109	202,789	–	1,246,273
2021 жыл	39,037	95,888	–	–	134,925
2022 жыл	29,438	–	–	–	29,438
2023 жыл	–	–	–	–	–
Шығындарды реттеуге жұмсалған төлемдер мен төленген шығыстар	–	(2,952)	(44,409)	(447,952)	(495,313)
Реттелмеген талаптар, барлығы	29,438	92,936	158,380	(139,600)	141,154
Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету	–	–	–	–	276,621
Туындаған талаптар бойынша міндеттемелердің баланстық құны, барлығы	–	–	–	–	417,775

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру тәуекелі (жалғасы)

Кестеде талаптардың дисконтталмаған сомасының бұрынғы есептік бағалауларымен салыстырғанда, яғни талаптардың дамуы туралы қайта сақтандыруға берілген іске асырылған тәуекелдер бойынша төлемдерді қоса алғанда, өспелі қорытындымен шығындарды реттеуге жұмсалған төлемдер мен шығыстар туралы ақпарат ашылады.

Шығындар резервтерін есептеу кезінде Компания қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді мойындай отырып, болашақ оқиғалардың болжанғаннан аз қолайлы болуының ықтималдығы мен бағасын ескереді. Жалпы алғанда, реттелген залалдың қорытынды шамасына байланысты белгісіздік, егер шығын дамудың алғашқы кезеңінде болса, жоғары болып табылады. Залал артқан сайын шығынның түпкілікті мәні айқындала түседі.

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының топтары бойынша талаптардың дамуын талдау – нетто-қайта сақтандыру

Мың теңге	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	Жиынтығы
Соңында туындаған талаптардың дисконтталмаған сомасын бағалау:					
2019 жыл	63,161	770,518	600,735	304,362	1,738,776
2020 жыл	38,375	1,004,803	188,876	–	1,232,054
2021 жыл	39,037	95,888	–	–	134,925
2022 жыл	29,438	–	–	–	29,438
2023 жыл	–	–	–	–	–
Шығындарды реттеуге жұмсалған төлемдер мен төленген шығыстар	–	(2,646)	(44,409)	(447,231)	(494,286)
Реттелмеген талаптар, барлығы	29,438	93,242	144,467	(142,869)	124,278
Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету	–	–	–	–	265,360
Туындаған талаптар бойынша міндеттемелердің баланстық құны, барлығы	–	–	–	–	389,638

Кестеде талаптардың дисконтталмаған сомасының бұрынғы есептік бағалауларымен салыстырғанда, яғни талаптардың артуы туралы қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша жүргізілген төлемдерді шегергенде өспелі қорытындымен шығындарды реттеуге жұмсалған төлемдер мен шығыстар туралы ақпарат ашылады.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР
2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Сақтандыру тәуекелі (жалғасы)

Өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат

2024 жылғы 31 желтоқсандағы өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат:

Мың теңге	1 жылға дейін	1-ден 2 жылға дейін	2-ден 3 жылға дейін	3-тен 4 жылға дейін	4-тен 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10 жылдан астам	Жиынтығы
Шығарылған өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер	(1,457,171)	(405,753)	(608,630)	(547,576)	(1,916,516)	(3,285,456)	(13,435,573)	(21,656,675)
	(1,457,075)	(405,753)	(608,630)	(547,576)	(1,916,516)	(3,285,456)	(13,435,573)	(21,656,579)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат:

Мың теңге	1 жылға дейін	1-ден 2 жылға дейін	2-ден 3 жылға дейін	3-тен 4 жылға дейін	4-тен 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10 жылдан астам	Жиынтығы
Шығарылған өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер	(541,767)	(353,929)	(233,648)	(177,921)	(177,465)	(1,072,357)	(7,843,401)	(10,400,488)
	(541,532)	(353,929)	(233,648)	(177,921)	(177,465)	(1,072,357)	(7,843,401)	(10,400,253)

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат

2024 жылғы 31 желтоқсандағы өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат

Мың теңге	1 жылға дейін	1-ден 2 жылға дейін	2-ден 3 жылға дейін	3-тен 4 жылға дейін	4-тен 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10 жылдан астам	Жиынтығы
Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер	(749,201)	(91,452)	(182,904)	(274,355)	(314,007)	(509,060)	(457,257)	(2,578,236)
	(719,964)	(91,452)	(182,904)	(274,355)	(314,007)	(509,060)	(457,257)	(2,548,999)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы өмірді сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша таза міндеттемелерді өтеу мерзімдері туралы ақпарат:

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңге	1 жылға дейін	1-ден 2 жылға дейін	2-ден 3 жылға дейін	3-тен 4 жылға дейін	4-тен 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10 жылдан астам	Жиынтығы
Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер	(1,785,029)	(96,584)	(144,876)	(53,669)	(80,504)	(178,663)	(200,143)	(2,539,468)
	(1,738,911)	(96,584)	(144,876)	(53,669)	(80,504)	(178,663)	(200,143)	(2,493,350)

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Несие тәуекел

Компания сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің қайтарылуын үнемі қадағалап отырады. Барлық күмәнді сомалар бойынша қаржылық есептілікте резервтер құрылды. Қайта сақтандыру бойынша контрагенттер сенімді қайта сақтандырушылар болып табылады.

Несие тәуекелінің максималды мөлшері

Компанияның несие тәуекелінің максималды мөлшері белгілі бір активтерге және жалпы нарықтық тәуекелдерге тән жеке тәуекелдерге байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері өзара есеп айырысу немесе қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелді төмендетудің әсерін ескермей, осы активтердің баланстық құнына тең болады.

Бұдан әрі Компанияның қаржылық активтерінің 2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's несие рейтингі бойынша жіктелуі ұсынылған:

Мың теңге	«AAA-» » бастап «AAA+» дейін	«BBB-» бастап «BBB+» дейін	«BB-» бастап «BB+» дейін	«B-» бастап «B+» дейін	Несие рейтингі берілмеген	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты және олардың баламалары	—	784,480	7,703,290	—	—	8,487,770
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	500,000	12,936,460	8,842,977	3,988,225	942,730	27,210,392
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	—	—	—	—	12,625	12,625
Басқа қаржылық активтер	—	—	—	—	33,182	33,182
	500,000	13,720,940	16,546,267	3,988,225	988,537	35,743,969

Мың теңге	«AAA-» бастап «AAA+» дейін	«BBB-» бастап «BBB+» дейін	«BB-» бастап «BB+» дейін	«B-» бастап «B+» дейін	Несие рейтингі берілмеген	2023 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты және олардың баламалары	—	3,373,160	137,395	619	—	3,511,174
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	234,501	5,563,820	2,651,342	3,134,474	6,632,935	18,217,072
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	—	—	—	—	23,319	23,319
Басқа қаржылық активтер	—	—	—	—	875,511	875,511
	234,501	8,936,980	2,788,737	3,135,093	7,531,765	22,627,076

Сақтандыру секторының ұйымдары жалпы алғанда қаржы құралдарына қатысты туындайтын несие тәуекеліне ұшырайды. Компанияның несие тәуекелі негізінен Қазақстан Республикасында шоғырланған. Несие тәуекелі дәрежесі Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген саясатына сәйкес қаржы құралдары мен несие қабілеттілігі бойынша лимиттердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты мониторингтен өтеді.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Несие тәуекелі (жалғасы)

Несие тәуекелінің максималды мөлшері (жалғасы)

Келесі кестеде құнсызданған активтер мен құнсызданбаған активтердің баланстық құны келтірілген, олар да мерзімі өткен берешектің пайда болу уақытына қарай жіктеледі:

Мың теңге	Ағымдағы құнсызданбаған активтер	Құнсызданбаған қаржылық активтер	31 желтоқсан 2024 жыл
Ақша қаражаты және олардың баламалары	8,491,166	—	8,491,166
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	26,878,825	331,567	27,210,392
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	12,625	—	12,625
Басқа қаржылық активтер	33,182	—	33,182
	35,415,798	331,567	35,747,365

Мың теңге	Ағымдағы құнсызданбаған активтер	Құнсызданбаған қаржылық активтер	31 желтоқсан 2023 жыл
Ақша қаражаты және олардың баламалары	3,511,615	—	3,511,615
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	17,867,922	349,150	18,217,072
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	23,319	—	23,319
Басқа қаржылық активтер	875,511	—	875,511
	22,278,367	349,150	22,627,517

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражат алған кезде Компанияның қиыншылықтары туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын бағасы бойынша тез сату мүмкінсіздігі нәтижесінде туындауы мүмкін.

Компания өтімді қаражат қажеттілігі үнемі бақылап отырады және басшылық кез келген басталатын міндеттемелерді орындау үшін қаражаттың жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етеді.

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелері көрсетілген:

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Мың теңге	Мөлшерлеме %	1 айға дейін	1–3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан артық	Өтеу мерзімі белгіленбеген	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР								
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,50%-9,00%	8,491,166	–	–	–	–	–	8,491,166
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	2,95%-20,50%	–	–	5,008,630	10,218,369	7,878,333	4,105,060	27,210,392
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері		–	–	–	–	–	12,625	12,625
Басқа қаржылық активтер		–	–	–	–	–	33,182	33,182
Қаржылық активтер, барлығы		8,491,166	–	5,008,630	10,218,369	7,878,333	4,150,867	35,747,365
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР								
Басқа да қаржылық міндеттемелер		(199,781)	–	–	–	–	–	(199,781)
Қаржы міндеттемелері, барлығы		(199,781)	–	–	–	–	–	(199,781)
Қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		8,291,385	–	5,008,630	10,218,369	7,878,333	4,150,867	35,547,584
Қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, өспелі әсерімен		8,291,385	8,291,540	13,300,170	23,518,539	31,396,872	35,547,739	

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Мың теңге	Мөлшерлеме %	1 айға дейін	1–3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл – 5 жыл	5 жылдан артық	Өтеу мерзімі белгіленбеген	2023 жылғы 31 желтоқсан
ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР								
Ақша қаражаты және олардың баламалары		3,511,615	–	–	–	–	–	3,511,615
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	4.60%-16.50%	736,125	116,818	2,067,074	4,980,709	3,683,411	6,632,935	18,217,072
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері		–	–	–	–	–	23,319	23,319
Басқа қаржылық активтер		–	–	–	–	–	875,511	875,511
Қаржылық активтер, барлығы		4,247,740	116,818	2,067,074	4,980,709	3,683,411	7,531,765	22,627,517
ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР								
Басқа да қаржылық міндеттемелер		(91,380)	–	–	–	–	–	(91,380)
Қаржы міндеттемелері, барлығы		(91,380)	–	–	–	–	–	(91,380)
Қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма		4,156,360	116,818	2,067,074	4,980,709	3,683,411	7,531,765	22,536,137
Қаржылық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма, өспелі әсерімен		4,156,360	4,273,804	6,340,878	11,321,587	15,004,998	22,536,763	

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер дисконтталмаған ағындары баланстық құннан айтарлықтай ерекшеленбейтін және өтеу 1 жыл ішінде жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелермен ұсынылған. Бірінші талап бойынша өтелуге жататын міндеттемелер өтеу туралы талап ең ерте ықтимал күнге мәлімделгендей қаралады.

Нарықтық тәуекел

Сондай-ақ, Компанияға жалпы және нақты нарықтық ауытқуларға ұшыраған пайыздық мөлшерлемелер мен валюталар бойынша ашық позициялардың болуымен байланысты нарықтық тәуекелдер әсер етеді. Компания нарықтық тәуекелді басқаруды нарық конъюнктурасының теріс өзгерістері нәтижесінде ықтимал залалдарды мерзімді бағалау, сондай-ақ жол берілетін залалдар мөлшеріне барабар шектеулер белгілеу және қолдау және пайда нормасына қатысты талаптар арқылы жүзеге асырады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел валюта айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралының құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Компанияға оның қаржылық жағдайы мен ақша қозғалысына әсер ететін шетел валюталары бағамдарының ауытқуы әсер етеді.

Мың теңге	Теңге	АҚШ доллары	Ресейлік рубль	Өзге	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	8,419,936	68,340	2,621	269	8,491,166
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	20,162,289	7,045,272	2,831	—	27,210,392
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	12,625	—	—	—	12,625
Басқа қаржылық активтер	33,182	—	—	—	33,182
Қаржылық активтер, барлығы	28,628,032	7,113,612	5,452	269	35,747,365
Қаржылық міндеттемелер					
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(199,781)	—	—	—	(199,781)
Қаржы міндеттемелері, барлығы	(199,781)	—	—	—	(199,781)
Ашық жайғасым	28,428,251	7,113,612	5,452	269	35,547,584
Мың теңге	Теңге	АҚШ доллары	Ресейлік рубль	Өзге	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаты және олардың баламалары	3,352,082	21,841	137,440	252	3,511,615
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	12,493,174	5,528,275	195,623	—	18,217,072
ПЗӘҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	23,319	—	—	—	23,319
Басқа қаржылық активтер	875,511	—	—	—	875,511
Қаржылық активтер, барлығы	16,744,086	5,550,116	333,063	252	22,627,517
Қаржылық міндеттемелер					
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(91,380)	—	—	—	(91,380)
Қаржы міндеттемелері, барлығы	(91,380)	—	—	—	(91,380)
Ашық жайғасым	16,652,706	5,550,116	333,063	252	22,536,137

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Валюталық тәуекелге сезімталдықты талдау

Төмендегі кестеде компанияның теңгеге қатысты шетел валюталары бағамдарының 10%-ға ұлғаюына және азаюына сезімталдығын талдау ұсынылған. 10% - бұл Компанияның негізгі басқару персоналы үшін валюталық тәуекел туралы есеп беру кезінде Компания ішінде қолданылатын сезімталдық деңгейі және Компания басшылығының валюта бағамдарының өзгеруі мүмкіндігін бағалауын білдіреді. Сезімталдықты талдауға кезеңнің соңында қолда бар, айырбастау кезінде 10% – ға (2023-10%) өзгертілген бағамдар пайдаланылатын шетел валютасындағы сомалар ғана кіреді.

Төменде 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ашық баланстық позицияға негізделген корпоративтік табыс салығы бойынша шығысқа дейінгі пайдаға және капиталға әсері берілген:

Мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	теңге/АҚШ	теңге/АҚШ	теңге/АҚШ доллар	теңге/АҚШ
	доллары	доллары	АҚШ	доллары
	10%	–10%	10%	–10%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайдаға әсері және капитал	711,361	(711,361)	555,012	(555,012)

Мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	теңге/ресейлік	теңге/ресейлік	теңге/ресейлік	теңге/ресейлік
	рубль	рубль	рубль	рубль
	10%	–10%	10%	–10%
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайдаға әсері және капитал	545	(545)	33,306	(33,306)

Баға тәуекелі

Баға тәуекелі - бұл өзгерістерге жеке бағалы қағазға немесе оның эмитентіне тән факторлар немесе нарықтағы барлық бағалы қағаздарға әсер ететін факторлар себеп болғанына қарамастан, нарықтық бағаның өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Компания нарықтағы оның өнімдеріне жалпы немесе нақты өзгерістердің әсеріне байланысты баға тәуекеліне ұшырауы ықтимал.

Мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	құнды қағаздар бағасының 1%-ға	құнды қағаздар бағасының 1%-ға	құнды қағаздар бағасының 1%-ға	құнды қағаздар бағасының 1%-ға
	артуы	төмендеуі	артуы	төмендеуі
Капиталға ықпалы	126	(126)	233	(233)

Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктігі

Агенттік сақтандыру компанияларынан, Агенттіктің талаптарына сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігі негізінде есептелген кем дегенде бірлік мөлшеріндегі төлем қабілеттілігі маржасының коэффициентін сақтауды талап етеді.

2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсанда Компания келесі кестеде көрсетілгендей төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік коэффициентін сақтау бойынша нормативін орындады:

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (ЖАЛҒАСЫ)

Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктігі (жалғасы)

Мың теңге	31 желтоқсан 2024 жыл	31 желтоқсан 2023 жыл
Төлем қабілеттілігінің нақты маржасы	4,713,892	4,437,109
Төлем қабілеттілігі маржасының минималды мөлшері	2,584,400	2,415,000
Төлем қабілеттілігі коэффициенті	1.17	1.36

Географиялық сегменттер

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша географиялық сегменттер бойынша қаржылық және сақтандыру активтері мен міндеттемелері төменде келтірілген.

Мың теңге	Қазақстан Республикасы	Елдер ЭЫДҰ	Өзге	31 желтоқсан 2024 жыл
Ақшалай қаражаттар	8,491,166	—	—	8,491,166
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	23,424,360	585,986	3,200,046	27,210,392
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	12,625	—	—	12,625
Қайта сақтандырудың ұсталатын шарттары бойынша активтер	29,333	—	—	29,333
Басқа қаржылық активтер	32,871	311	—	33,182
Қаржылық және сақтандыру активтері, барлығы	31,990,355	586,297	3,200,046	35,776,698

Сақтандырудың шығарылған шарты бойынша міндеттемелер	24,234,911	—	—	24,234,911
Басқа да қаржылық міндеттемелер	199,781	—	—	199,781
Қаржылық және сақтандыру міндеттемелері, барлығы	24,434,692	—	—	24,434,692

Мың теңге	Қазақстан Республикасы	Елдер ЭЫДҰ	Өзге	31 желтоқсан 2023 жыл
Ақшалай қаражаттар	3,511,615	—	—	3,511,615
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	17,549,395	419,059	248,618	18,217,072
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	23,319	—	—	23,319
Қайта сақтандырудың ұсталатын шарттары бойынша активтер	46,353	—	—	46,353
Басқа қаржылық активтер	875,511	—	—	875,511
Қаржылық және сақтандыру активтері, барлығы	22,006,193	419,059	248,618	22,673,870

Сақтандырудың шығарылған шарты бойынша міндеттемелер	12,939,956	—	—	12,939,956
Басқа да қаржылық міндеттемелер	91,380	—	—	91,380
Қаржылық және сақтандыру міндеттемелері, барлығы	13,031,336	—	—	13,031,336

22. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әділ құн тарату кезінде мәжбүрлеп сату немесе өткізу жағдайларын қоспағанда, құралды хабардар тараптар арасында коммерциялық жағдайларда айырбастауға болатын сома ретінде анықталады. Компанияның кейбір құралдары үшін әділ құнды анықтау үшін айтарлықтай қол жетімді нарықтық механизмдер болмағандықтан, әділ құнды бағалау кезінде ағымдағы экономикалық жағдайлар мен құралдарға тән нақты тәуекелдер негізінде болжамдар қолданылады.

Компания басшылығы 2024 және 2023 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары, банкроттегі қаражат, сақтандыру бойынша дебиторлық берешек, қаржылық есептілікте көрсетілген басқа да

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

қаржылық активтер мен міндеттемелер сияқты қаржылық активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құны олардың әділ құнына тең деп есептейді, өйткені бұл құралдардың өтеу мерзімі бір жылдан аз.

«КОММЕСК-ӨМІР» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

22. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Компания қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпаратты айқындау және ашу үшін бағалау әдістерінің келесі иерархиялық құрылымын қолданады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген);
- 2-деңгей: есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін бағалау модельдері;
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмеген есептілікте көрсетілген әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау модельдері.

Мың теңге	2024 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құнын бағалау			
	1-деңгейі	2-деңгейі	3-деңгейі	Жиынтығы
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер				
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	26,799,917	410,475	–	27,210,392
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	–	12,625	–	12,625
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	8,491,166	–	–	8,491,166
Басқа қаржылық активтер	–	33,182	–	33,182
	35,291,083	456,282	–	35,747,365
Әділ құны ашылатын міндеттемелер				
Басқа да қаржылық міндеттемелер	199,781	–	–	199,781
	199,781	–	–	199,781

Мың теңге	2023 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құнын бағалау			
	1-деңгейі	2-деңгейі	3-деңгейі	Жиынтығы
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер				
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	18,217,072	–	–	18,217,072
ПЗӨҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтері	–	23,319	–	23,319
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	3,511,615	–	–	3,511,615
Басқа қаржылық активтер	–	875,511	–	875,511
	21,728,687	898,830	–	22,627,517
Әділ құны ашылатын міндеттемелер				
Басқа да қаржылық міндеттемелер	91,380	–	–	91,380
	91,380	–	–	91,380

2024 және 2023 жылдар аралығында 1, 2 және 3 деңгейлер арасында аударымдар болған жоқ.

23. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік, Компания басшылығымен 2025 жылдың 29 мамырында шығаруға бекітілді.